



ТАЯУ ШЫҒЫС:
МҮДДЕЛЕР
ҚАҚТЫҒЫСЫ
үдей түсті

2



Мәжілістегі саяси белсенділік:
АМАНАТ алда,
RESPUBLICA
көш соңында

4



БІРЫҢҒАЙ
УАҚЫТ БЕЛДЕУІ

Сағат тілін артқа
жылжытқаннан
не ұтамыз?

11

Қаржы секторындағы өзгерістер:

АЗАМАТТАР ҚАЙДА ШАҒЫМДАНА АЛАДЫ?

- 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап елімізде жалпыға бірдей декларациялаудың жаңа кезеңі басталды. Табысты, активтерді, мүлікті декларациялау кімдерді қамтиды?
- Қызмет көрсету секторы мен кәсіпкерлер мобильді аударымдардан бас тартып жатыр. НЕГЕ?
- Мобильді аударымдарды тексерудегі мақсат қандай?
- Жыл басынан бері кейбір кәсіпкерлер қолма-қол ақшамен есептеспесеңіз, бағаны 10%-ға дейін көтеріп жіберген фактілері кездесіп отыр. Бұл қаншалықты заңды?
- Қаржы секторындағы жаңа өзгерістерге сәйкес азаматтар қайда шағымдана алады?



Алматы ақшамының келесі санында оқырмандарымызды толғандырған осы сауалдарға және қаржы секторының басқа да өзекті мәселелеріне орай ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Ермұрат Бапи,

Премьер-министрдің орынбасары – қаржы министрі Ерулан Жамаубаев, қаржы са-
рапшысы, экономист Мақсат Халық ой тар-
қататын болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №4 (6455) 16 қаңтар, сейсенбі, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ТАРИХҚА ТОЛЫ ТОҚСАН ЖЫЛ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің мерейтойына арналған салтанатты жиынға қатысты



Биыл қазақ білімінің қарашаңырағы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 90 жыл толып отыр. Сонау 1934 жылдың 15 қаңтарында қабырғасы қаланған оқу ордасы осынау атаулы күнге орайластырып, өзінің мерейтойлық іс-шараларын бастап та кетті. Жыл бойы тойланатын мерейтойлық іс-шаралардың алғашқысы – университет базасында химиялық гальваникалық қаптамалар шығаратын Chemical Coating innovations ғылыми-өндірістік орталықтың тұсауы кесілді.

Орталықтың ашылу рәсіміне ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Дархан Ахмед-Заки, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма төрағасы – ректоры Жан-сейіт Түймебаев, оқу ордасының оқытушы-профессорлар құрамы мен ғалымдары қатысты.

6

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

16.01.2024

Түнде:



-8 - 10 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



-4 - 6 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

17.01.2024

Түнде:



-9 - 11 °C

Бұлтты, кей уақытта қар.

Күндіз:



-5 - 7 °C

Бұлтты, кей уақытта қар.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

www.almaty-akshamy.kz





ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСАТ

ТАЯУ ШЫҒЫС:

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ

ҮДЕЙ ТҮСТІ

АҚШ пен Ұлыбританияның бірлескен әскери күштері Йемен Республикасының батыс бөлігін бақылауында ұстап отырған Хусидтерге әскери әуе шабуылдарын жасады.

Соңғы ширек ғасыр бойына Таяу Шығыс әлемдегі бірден-бір геосаяси шиеленістер мекеніне айналды. Аймақтағы тұрақсыздықтың негізі — күрделі тарихи шешімдерден бөлек, аймақтың геосаяси стратегиялық мүдделер тоғысында орналасуы. Кейінгі жылдары аймақта Ирак, Ливия, Сирия, Палестина және т.б. елдердегі азаматтық соғыстармен қатар, мемлекеттік емес әскери ұйымдар мен орталық билік арасындағы қақтығыстар орын алып, аймақтағы саяси тұрақтылықты қайта қалыптастыруды тіптен қиындатты. 2024 жыл басталысымен Йемендегі тұрақсыздық жаңа сипат алды. Мемлекеттің батыс бөлігіне бақылау орнатып келген Хусидтерге батыстың бірлескен әуе әскери шабуылдары ұйымдастырылды. Онсыз да Израиль мен Хамас террористік ұйымдары арасындағы қақтығыстың үдеп тұрған шағында, аймақтағы Хусид топтарының саяси аренаға шығуы аймақтық тұрақсыздықтан басқа, халықаралық сауда-логистикалық байланысқа да қатер төндіруде.

• Йемен жеріндегі біріккен АҚШ және Ұлыбритания әскери күштерінің Хусидтерге қарата жасалған әскери әуе шабуылдарының себептері мен салдары қандай?

Тұрақсыздық негізі орталықтанған биліктің әлсіз болуында

АҚШ пен Ұлыбритания Йемендегі Хусидтер бақылауындағы оннан астам нысанға 11 қаңтар күні әуе шабуылдарын жасады. Сарапшылардың пікірінше, Израильдің Газадағы соғысы басталғаннан кейін, Хусидтер Израиль саясатын айыптай отырып, Қызыл теңіз аймағындағы коммерциялық кемелерге зымырандар арқылы әуе шабуылдарын үдеткендігіне жауап ретінде жасалып отыр. Хусидтер, XX ғасырдың 80-жылдарындағы қырғиқабақ соғыс барысында негізін салған Хусейн Бадреддин аль-Хусидің атымен аталатын әскери саяси ұйым. Деректер бойынша Хусейн Бадреддин аль-Хуси аймақтағы ықпалды әскери компания қалыптастыруда Иранның тікелей ықпалы мен көмегіне ие болды.

Себебі, геосаяси тұрғыда, Йемендегі билікке ықпалды топты қою, Иран үшін Қызыл Теңіздегі сауда жолдарын бақылауда ұстауда өте маңызды еді. Йемен Қызыл теңіздің оңтүстік шығыс бөлігінде орналасқан ел. Қызыл теңіз — Суэц каналы арқылы солтүстік бөлігінде Жерорта теңізімен, Баб-әл-Мандеб бұғазынан Аден шығанағына, әрмен қарай Араб теңізіне ұласатын халықаралық сауда логистикалық бағытындағы тоғыз жолдың торабы іспетті аймақ.

Хусидтер 2023 жылғы 7 қарашадан кейінгі Израиль мен Хамас арасындағы әскери қақтығыстан соң ашық саяси мәлімдемелер жасап, Қызыл теңіз тарапынан өтетін сауда кемелеріне



(Дереккөз: Foreign Affairs).

шабуылдарды үдетіп, бірнеше рет халықаралық институттар деңгейінде тұрақтандыру мәселелері талқыланды. Кейінгі айларда Сауд Арабиясы мен Хусидтер арасында келіссөздер жүріп, аймақтағы Иран — Сауд Арабиясы арасындағы байланыс реттелгенімен, қазіргі таңда біріккен батыс тарапынан Хусидтердің ықпалындағы Йеменнің батыс аймағына әуе шабуылдары үдеуде.

Шабуыл бағыттары

Йемендегі азаматтық соғыс 2014 жылы Ислам дінінің шиіттік бағытын ұстанушы хусидтер мен сунниттік бағыттағы үкімет арасында бастау алып, қазіргі күнге дейін жалғасуда. Он жылға созылған азаматтық соғыс нәтижесінде, БҰҰ дерегіне 377 мыңнан аса бейбіт тұрғын қаза тауып, 4 млн-нан астам жергілікті тұрғын басқа елдерге бас сауғалады.

Негізгі қақтығыс Сауд Арабиясымен мүдделес ресми үкімет пен Иран Ислам Республикасының қолдауына ие Хусидтер арасында. Иран мен Сауд Арабиясы арасындағы 2023 жылдың соңында Қытайдың араласуымен өткен келіссөздер нәтижесінде Йемендегі қақтығысты реттеу үшін маңызды қадамдар жасалды. Тіпті, Иранның Біріккен Ұлттар Ұйымындағы ресми өкілдігінің пікірінше, аталмыш шешім, Йемендегі тұрақтылықты қалыптастыруда негіз болуы керек еді. Алайда, жағдаят басқа бағытта дамыды.

Қырғиқабақ соғыс қайта жанданды ма?

АҚШ және Англия Таяу Шығыста қару-жарақ тасымалдау, экспорттау бойынша алдыңғы орында. Америка Құрама Штаттары аймақтағы мүддесі Йемендегі саяси тұрақтылық аймақта Иранның үстемдігі құруының алдын алу және Азия мен Африка теңіз жолдары арқылы Еуропаны жалғап тұрған Қызыл теңіз аймағында өз мүддесін қалыптастыру.

Ақ үй Хусидтерге бағытталған шабуыл АҚШ президенті Д.Байденнің тікелей бұйрығы негізінде орындалғанын және оған Австралия, Бахрейн, Ұлы-

британия, Канада, Нидерланды елдерінің қолдауы бар екендігін ашық мәлімдейді. 2018 жылы қол қойылған АҚШ, Израиль және Сауд Арабиясы арасындағы «Абрам келісім-шарты» аясында Йемен де АҚШ, Сауд Арабиясы коалициясы құрамында Хусидтерге қарсы соғысып келген. Кейінгі жылдары аймақтағы АҚШ позициясы өзгеріп, президент Джо Байден 2021 жылдың ақпанында Сауд Арабиясы басқаратын Йемендегі шабуыл операцияларына АҚШ-тың қолдауын тоқтататынын жариялап, Хусидтерді террористік ұйым ретінде танудан бас тартқан болатын. Алайда, Израиль мен Хамас арасындағы соғыс нәтижесінде аймақтағы статус-кво өзгеріске ұшырады.

Израильдің Газадағы соғысы басталғалы, АҚШ бастаған коалиция өкілдері Ирак, Сириядағы әскери саяси топтарға қарсы соққылар бергенімен, Йемендегі ұжымдасқан әскери әуе шабуылы алғаш рет орын алып отыр. Хусидтердің мәлімдеуінше, Қызыл теңіз арқылы өтетін сауда кемелеріне шабуыл Израильдің Газа секторын изоляциялық қоршаудан босатқанға дейін жалғаса бермек. 2010 жылы Тунистен бастау алған үкіметке қарсы наразылық бір жыл көлемінде тұтас араб әлемін қамтып, тарихқа «Араб көктемі» атауымен енген болатын.

Себебі, қандайда бір мәселе белгілі бір халықаралық институттар назарына ілігіп, шешімін таппаса аймақтық деңгейде қамту аймағы артып, шешуі күрделене түсетіні анық. Бұл тұрғыда Йемендегі азаматтық соғыс сипатындағы қақтығысқа ұжымдасқан батыстың араласуы, Таяу Шығыста күрмеуі күрделі шиеленістердің келесі бір даму деңгейіне көтерілгенін көрсетеді.



Нұрболат НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.

ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС.



Бакытжан САТЕРШИНОВ,
философия ғылымының докторы,
профессор:

КӨКЕЙДЕГІ КӨП САУАЛДАРҒА НАҚТЫ ЖАУАП АЛДЫҚ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек» атты сұхбатының тақырыбы мен мазмұнынан еліміздің ертеңіне деген оптимистік сенім айқын аңғарылады. Қасіретті қаңтар оқиғасынан тура екі жыл өткеннен кейін берілген Мемлекет басшысының сұхбатында ұлт тарихындағы бұл қайғылы айғаққа қатысты көптің көкейінде жүрген сауалдарға жауап айтылды.

Қаңтардағы бұл бүліктің сипаты мен салдарлары, қаныпезер қаталдық пен азғындықтың жантүршігерлік айғақтары көптің көңілінде түйткілді сұрақтар қалдырды: билік пен халық арасы неден ушықты, неге өзара сенім азайды, наразылықты бейбіт шешудің жолы қалмады ма, бейбіт шеруге шығудың мәдениеті жоқ па еді бізде, тобырға тән инстинктер бой алдырып кетті ме, кәнігі баскесер күштер қайдан пайда болды және т.б.

Бұл сұрақтардың аталмыш сұхбаттан жауап алғандай болдық. Атап айтқанда, Барыс жылының басындағы бейбіт шерумен басталып соңы қатыгез лаңкестік шабуылдармен, миллиардтаған шығын әкелген тонаушылық әрекеттермен және жүздеген адам өлімімен сипатталған тосын оқиғаға саяси тұрғыдан баға берілді. Президенттің объективті бағалауынша, «қасіретті қаңтар оқиғасына жылдар бойы қордаланған әлеуметтік-экономикалық проблемалар, жалпы тоқыраудың билік пен қоғамды аздырып-тоздыруы себеп болды».

Ал басты субъективті себептер ретінде «елімізде әбден тамыр жайған жүйеге» берік «ықпалды адамдардың» болуы және олардың саяси реформаларды «билік құрылымындағы өздерінің «ерекше мәртебесіне» төнген қатер деп қабылдауы», «өздеріне ыңғайлы бұрынғы қалыпқа оралу үшін бәрін тас-талқан етуге шешім қабылдауы», «жоғары лауазымды тұлғалардан тұратын бұл топтың күштік құрылымдарға да, қылмыс әлеміне де орасан зор ықпалының болуы» және т.б.

Ел басына күн туған осындай сын сағатында, Қазақстанның саяси тәуелсіздігі мен территориялық тұтастығына нақты қауіп төнген тұста Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың табандылығына қалың көпшілік тәнті болды. Кейінгі кездері қоздырушылық сипаты күшейген интернет желісінің бұғатталып, ақпараттық тапшылық орнаған кезде ресми хабар тарату көздерінен Президенттің әрбір сөйлеген сөзі мен үндеулері, сақ болуға, сабырға шақыруы, орынды ескертулері мен жасаған батыл қадамдары, әсіресе, арнайы комиссия құрып, халықтың талабын қанағаттандырып, айыптыларды жауапқа тартуы, жүргенсіздіктерге жол берген Министрлер кабинетін отставкаға жіберуі, Қауіпсіздік кеңесін қолына алып, өз құзыретіне сай ҰҚШҰ көмегіне жүгінуі, лаңкестермен келісімге келуден түбегейлі бас тартып, ішкі арнайы күштерді жұмылдырып, антитеррорлық әрекетті батыл жүргізуі, Төтенше жағдай жариялап, коменданттық сағатты дер кезінде енгізуі, Аза тұту күнін белгілеп, Жолдау даярлауы халықтың көңілінен шығып, қоғамдық тұрақтылық пен тыныштықтың орнауына орасан зор септігін тигізді.

Бұл іс-шаралар, сөз жоқ, Президенттің халық алдындағы абыройын асқақтатты, Мемлекет басшысына деген елдің құрметі мен сүйіспеншілігін арттырды.



ҮН ҚОСУ

Бекен СЕЙДАХМЕТОВ,
«Азаматтық авиация академиясы» АҚ басқарма төрағасы-ректоры:

ЖАСТАРДЫ
ҚОЛДАУ – МІНДЕТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында әлеуметтік және саяси мәселелерге тоқталып, елдегі қарапайым халықтың жәй-күйі мен хал-ахуалы жайлы кеңінен ой бөлісті.

Білім, ғылым, жастардың жұмысқа қабілеттілігін арттыру да Президентіміздің назарынан тыс қалған жоқ. 2023 жылы атқарылған жұмыстардың арасынан еліміздің түкпір-түкпірінен ашыла бастаған білім ошақтары, оның ішінде «жайлы мектептер» туралы да айрықша атап өтті. Медицина қызметкерлерінің, мектепте, колледжде және балабақшада жұмыс істейтін педагогтардың жалақысының өсуі, Ұлттық қордан балаларға қаржы беру мәселелері де 2024 жылы ары қарай өз жалғасын табатынын айтты.

Биыл әйгілі ғалым Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығы тойланбақ. Ғылым саласына өлшеусіз үлес қосқан ғалымның мерейтойының аясында ғылымға бар өмірін арнап, аянбай еңбек етіп жүрген жандар үшін пайдалы іс-шаралар өткізіледі деп сенеміз.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы дарынды жастарды қолдау мәселесіне қатысты пікірін білдірді. Өткен жылы Президенттік жастар кадр резерві жасақталған болатын. Іріктеуден өткен кәсіби жас мамандар қазіргі таңда мемлекеттік басшылық лауазымдағы жұмыстарын бастап кеткендігін айтты. Әлемнің күн сайын өзгеріп жат-

қандығын, жаңа технологиялар мен мамандықтар, салалар пайда болғанын, осы орайда өзгеше ойлайтын, тың идеялары бар жас мамандардың атқаратын рөлі зор екендігін жеткізді. Қазақ жастарына сенетінін, еліміздің экономикасы дамыған, демократиялы елдердің қатарынан көрінуі үшін аға буынның тәжірибесі мен жас ұрпақтың өзгеше сыни көзқарасының тоғысуы қажеттілігін айқындады.

Президентіміз осыған дейінгі айтқан сөздерінде қазіргі таңда нарықта техникалық мамандық иелерінің жетіспеушілігін тілге тиек еткен болатын. Жаһандық экономика және халықаралық еңбек нарығы түбегейлі өзгеріп жатқан тұста еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыру және экономикамызды өзіміз толық қамтамасыз ете алатын жағдайға жету қазіргі таңдағы ең маңызды міндеттердің бірі болып отыр.

Президент сайлау алдындағы бағдарламасында «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң қабылдау туралы бастама көтерген болатын. Қазір әзірленіп жатқан заң жобасында экономикамызды ғылым мен инновацияға сүйене отырып дамыту логикасының көрініс табуы маңызды екенін айтты.

Білім – таусылмайтын қазына. Білімді, сапалы, бәсекеге қабілетті жастар – еліміздің болашағы. Мемлекет басшысы жаңа экономикалық үлгіге көшу, 2029 жылға қарай жалпы ішкі өнімді қазіргіден екі есе арттыру мәселесінің ерекше қолға алыну қажеттілігін атап өтті.

Ол үшін сапалы кадрларды дайындау жұмыстары жүргізілуі қажет. Осы орайда Азаматтық авиация академиясы кадр жетіспеушілігін азайтып, жұмыс беру мекемелерінің талаптарына сай авиация саласы қызметкерлеріне сапалы білім беру үшін барын салуда.

Ұстаздарымыз үнемі кәсіби біліктілігін арттырып, студенттерге соңғы үлгідегі методикалармен сабақ беруде. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара отырып, еліміздің дамуына барынша үлес қосу, білім мен ғылымды дамытып, өскелең ұрпақты адалынан еңбектенуге, халыққа қызмет етуге шақыру, өз азаматтық авиация саламызды тереңінен меңгеріп, нағыз кәсіби маман болып қалыптасу, Қазақстанымыздың гүлденуіне, әлемдік нарықта өз орнын ойып тұрып алуына сәл де болсын үлес қосу – әрбір қазақстандықтың Отан алдындағы міндеті болып қала бермек!



Әкежан
КЕҢЕСОВ,
Алматы
қалалық
«Жастар рухы»
жастар
қанатының
төрағасы:

АМАНАТҚА АДАЛДЫҚ

Президент Қ.Тоқаев өз сұхбатында жастардың әлеуетіне деген сенімін нақты атап өтті. Мәселен, бұл қабылданған іс-шараларда, оның ішінде Президенттік жастар кадрлық резервін құруда нақты көрініс тапты. Бұл бастама өз кезегінде оның жас мамандар мемлекеттік қызметте басшылық қызметтерді атқаруға қабілетті деген сеніміне тікелей жауап болды.

Аталмыш сұхбатта ел Президентінің баса айтқан саяси реформалары да кеңінен көрініс тауып отыр. Бұл ретте әртүрлі топтарға, соның ішінде әйелдер мен ерекше қажеттіліктері бар адамдарға квота енгізу оның саясатта көбірек өкілдік етуге деген ұмтылысына сәйкес келеді.

Сонымен қатар, жастардың мемлекеттік органдарда белсенділік таныта бастағаны Президенттің саяси өмірдегі жастардың рөлін арттыру қажеттігі туралы мәлімдемесімен тікелей байланысты.

Жас менеджерлердің алдында тұрған міндеттер туралы ескертпелерінде Қасым-Жомарт Тоқаевтың оларға тәжірибе жетіспесе де, өздерін көрсетуге мүмкіндік беру маңызды деп сенім білдіріп отыр. Аманатқа адал болу парызымыз.

Сұхбатта сынға жауап та, оппозиция мен «сарапшылардың» қарсылығына қарамастан жүйені жаңартуды мақсат еткенін атап өткен. Бұл өз кезегінде Президенттің Жолдауларына сәйкес келеді. Сондай-ақ, тәжірибе мен инновация арасындағы тепе-теңдікті сақтаудың маңыздылығы да атап өтілді. Бұл әрине, Қасым-Жомарт Кемелұлының тұрақтылық пен мемлекеттілік үшін тәжірибе мен идеяларды біріктіру қажеттігі туралы мәлімдемелерінің тікелей көрінісі.

Қайрат ҚҰРМАНБАЕВ,
PhD доктор, доцент,
Нұр-Мүбәрак университетінің проректоры:

Білікті мамандар –
бәсекеге қабілеттілік негізі

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың сұхбатында еліміздің стратегиялық дамуындағы білімнің маңызы ерекше айтылды. Яғни білім беру экономикамыздың, ғылыми зерттеулер мен әлеуметтік сала дамуының іргетасы екенін атап өтті.

Сондықтан білім беру саласының дамуына бағытталған ұсыныстар өте орынды айтылды. Осы орайда, біздің Нұр-Мүбәрак университеті еліміздегі діни мамандар даярлайтын жалғыз ислами оқу ордасы екенін ескерсек, біз жоғары білім беру жүйесін жетілдірудің маңыздылығын түсінеміз және осы бағыттағы жаңа мүмкіндіктерді пайдалануға ашықпыз.

Инфрақұрылымды дамыту және сту-

денттер мен оқытушыларға қолдау көрсету арқылы біз білім беру сапасын арттыруға ерекше мән берудеміз.

Президентіміз әлемдік еңбек нарығында бәсекеге қабілетті білікті мамандарды даярлаудың маңыздылығын ерекше атап өтті. Техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуға, сондай-ақ жас ғалымдар мен инновациялық жобаларды қолдауға назар аударды. Бұл бізге де қатысты. Біз Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың білім беру саласын дамытуға бағытталған ұсыныстарына қолдау білдірумен қатар, әрі қарай осы саладағы өзекті мәселелерге назар аударғым келеді. Біздің университеттің де мақсаты – білім берудің жаңа стандарттарын қалыптастыру арқылы әлемдік деңгейдегі білім беру жүйесінде үлесті болу. Біз жаңа технологияларды белсенді түрде пайдалану арқылы оқыту процесін жаңғыртуды қалаймыз. Сонымен қатар, студенттердің және оқытушылардың зерттеу және әлеуметтік жобаларға қатысу мүмкіндіктерін кеңейтуге баса назар аударамыз.

Біздің университет қазіргі заманғы қоғамның қажеттіліктеріне сай білім берудің жаңа модельдерін қалыптастыруға мән беруде. Біз болашақ мамандардың жаһандық кезеңде бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету үшін білім беру бағдарламаларын үнемі жетілдіруге мән береміз. Сондай-ақ, студенттердің жан-жақтылығы мен шығармашылық және жеке қабілеттерін дамытуға бағытталған әртүрлі бағдарламаларды қолдауға ұмтыламыз.

Осы орайда, Президенттің білім беру саласындағы бастамалары біздің университеттің стратегиялық мақсаттарымен тығыз байланысты екенін атап өткім келеді. Біз әрбір студенттің білім алуға деген құқығын құрметтей отырып, сапалы және қолжетімді білім беруді ұсынуға бағытталған жұмысты жалғастырамыз.

Абдухалил ДОЛКУНТАЙ,
Алматыдағы Республикалық ұйғыр этно-мәдени орталығының төрағасы:

ЖАҢА БАҒЫТТАҒЫ
СЕРПІНДІ ДАМУ

Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Egemen Qazaqstan» газетіне берген ашық сұхбаты қоғамда, ел арасында үлкен талқыға түсіп жатқаны бәрімізге белгілі. Президент қазіргі таңдағы әртүрлі, яғни қоғамды толғандыратын өзекті мәселелерге тоқталды.

Мәжіліс және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары жаңа ереже бойынша сайланды; сондай-ақ, ауыл, аудан, қала әкімдерін сайлау жалғасуда.

– Экономика-бизнесі қорғау, инвестицияны тарату жұмыстары өрлегені байқалуда;

– Әлеуметтік салада да мәселелер шешіле бастады, білім ошақтары, жайлы мектептер бой көтеруде;

– Ұлттық қордан балаларға қаржы бөлу мәселелерін реттейтін заң күшіне енді. Осының бәрі жас ұрпақтарымыздың білімді болуы, олардың болашағы үшін жасалып отырған мүмкіндіктері екені бәрімізге белгілі.

– Инфляция деңгейін, ең



жанаалықтар. Табиғат аясын қорғау бағытында да өзгерістер бар.

Осы алға қойған мақсаттарға жету үшін жұмыстың осы жылы да жалғасатынын, жоспарлы әрекет етіп, осы мақсатқа жету жолында тоқтамай үздіксіз әрекет ету керек екенін айтты.

Жалпы, осы сұхбатта айтылған ойлары, берілген пікірлері, идеялары алға қойған мақсаттары барша қазақстандықты, қоғамды, барша ұлт өкілдерін, этностарды ұйыстырып, бірлік пен достығымызды күшейтіп, еліміздің өркендеуіне, Жаңа Қазақстанның шын мәнінде ЖАҢА бағытта дамуына алып келеді деп ойлаймын.

Отанымыздың бақытты болашағы тек бірлікте. Отаны бірдің – тілегі бір, жүрегі бір. Көпұлтты ел болуымыз – біздің байлығымыз, мақтанышымыз. Қазақстан – бұл ортақ жер, біртұтас халық және ортақ келешек. Ассамблея – еліміздегі бірлік пен келісімнің киелі бесігі, тұтастық пен тұрақтылықтың құтты шаңырағы. Ұлтаралық татулық пен келісім – ең негізгісі.

Мен Қазақстандағы ұйғырлардың Республикалық этномәдени орталығының төрағасы, Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңес мүшесі ретінде ауызбіршіліктен айнамайтын ажзүрек еліміздің қуатты мемлекетке, шуақты ұлысқа айнала беретініне кәміл сенемін!

Мәжілістегі саяси белсенділік:

АМАНАТ алда, REPUBLICA көш соңында

- «Ақ жол» және «ҚХП» партиялары арасындағы дау қайдан шықты?
- «ЖСДП» саяси маусымды неге сәтсіз бастады?
- «Ауыл» партиясы: бірлесе көтерген жүк жеңіл ме?

Быттыр қыркүйектен бері Мәжіліс депутаттарының саяси белсенділігіне талдау жасадық. Олардың белсенділігін депутаттық сауалдарына сандық сараптама арқылы анықтап отырдық. Енді жылды қорытындылайтын кез келді. Бұл жолы халық қалаушыларының желтоқсан айындағы жұмысын ғана емес, салыстырмалы әдіс арқылы 4 айдағы жұмысына тоқталамыз. Сонымен қатар, «Ақ жол» және «ҚХП» партиялары арасындағы дау қайдан шыққаны жайлы сұраққа жауап іздейміз.

Объективті және субъективті факторлар
VIII шақырылым депутаттары II сессияда 220 депутаттық сауал жолдаған. Жалпы, депутаттардың белсенділігі жоғары. Бірақ белсенділік бірде түсіп, бірде көтерілген. Саяси мезгілдің аяқталуы мен басталу айында Мәжіліс белсенді болды. Қыркүйекте 66 сауал жолданса, желтоқсанда 68. Ал қазанда белсенділік күрт төмендеген. Бар болғаны 35 сауал жолданыпты.

Саяси белсенділіктің біресе төмендеп, біресе жоғарылауына бірнеше фактор әсер етуі мүмкін. Ең алдымен, субъективті факторды атап өтуге болады. Яғни адами фактор әсер етеді. Мысалы, өзімізді алсақ. Әрбір істі бастағанда және соны аяқтау кезеңінде белсенділігіміз өседі. Депутаттар да біз сияқты адамдар.

Екіншіден, объективті фактор әсер етуі мүмкін. Депутаттар қоғамның айнасы, оның сөзін сөйлеуші. Қоғамда күрделі мәселелердің пайда болуы, олардың санының өсуі не кемуі депутаттық сауалдардың жолдану жиілігіне әсер етеді.

Айы	Барлығы	АМАНАТ	АҚ ЖОЛ	ҚХП	АУЫЛ	REPUBLICA	ЖСДП
Қыркүйек	66	32	10	7	6	3	3
Қазан	35	13	5	5	4	2	1
Қараша	51	30	5	5	3	2	2
Желтоқсан	68	29	11	6	3	0	5



Сөзімен ғана емес, ісімен де дәлелдеді
Жаңа саяси маусымда Мәжілістегі барлық партия фракциялары белсенді болды деп айта алмаймыз. 4 ай бойы билеуші Аманат партиясы көшбасшы екенін сөзімен ғана емес, ісімен де дәлелдеді. «Аманаттықтар» қыркүйекте 32 сауал жолдаса, желтоқсанда оның саны 29-ға жетті. Қазан айында фракция белсенділігі төмендегенімен, өзге партиялардан бір бас жоғары болды.

«Ақ жол» фракциясының депутаттары екінші орынға мықтап жайғасты. Қазан және қараша айларында саяси белсенділік төмендегенімен, саяси маусымды жоғары деңгейде аяқтады.

Жалғыз оппозициялық партия «ЖСДП» саяси маусымды сәтсіз бастады. Бұған саяси тәжірибенің жоктығы әсер еткен болар. Дегенмен, жылды белсенді аяқтады. Ал Republica партиясы көш соңында қалып қойды. Егер осылай жалғаса берсе келесі сайлауда жеңіске жете алмайды.

Депутаттық сауалдарды депутаттар өз партиясы атынан ғана емес, өзге партия өкілдеріне қосылып та жібере алады. Бұл жағынан «Ауыл» партиясы белсенді болды. Желтоқсан айында 16 депутаттық сауалға қосылған.

Republica партиясы өз бастамасымен де өзге партияларға қосылып сауал жолдау жағынан да белсенділігі өте төмен болды.

Мәжілістегі барлық партиялар билеуші Аманат партиясына қосылып сауал жолдағанды жөн көреді екен. 4 ай бойы осындай заңдылық байқалды. Құдды «аманаттықтардың» көлеңкесі іспетті. Мұндай саяси дәстүрге оппозициялық ЖСДП партиясы да еті үйреніп кеткен сияқты.

Өзге партиямен бірлескен сауал	АМАНАТ	АҚ ЖОЛ	ҚХП	АУЫЛ	REPUBLICA	ЖСДП
Қыркүйек	13	7	28	13	15	11
Қазан	9	0	6	6	8	5
Қараша	6	4	9	13	4	11
Желтоқсан	11	11	11	16	9	12

Бір-бірінің бастамаларын қолдамады
Тағы бір мән беретін жәйт бар. 3 қаңтарда «Ақ жол» партиясының төрағасы Азат Перуашевтің сұхбаты шықты. Басты тақырып – қаңтар қасіреті. Онда саясаткер бұрынғы коммунистерге (ҚХП партиясы) айып тағып, ескі Қазақстанның элементтері партияға енген деп мәлімдеді. Оған кейіннен ҚХП басшысы Ермұхамет Ертісбаев үн қатып, айыпты жокқа шығарғандай болды. Қай саясаткердікі шын, яки өтірік екені бізге беймәлім. Бірақ екі партия арасында дау бар екені белгілі болды. Оған желтоқсан айындағы депутаттық сауалдарды талдау барысында да көзіміз жетті. Екі партия мүшелері де бір-бірінің бастамаларын қолдамаған екен.

Көрсеткіш	АМАНАТ	АҚ ЖОЛ	ҚХП	АУЫЛ	REPUBLICA	ЖСДП
Қай партиямен бірлесе сауал жолдаған?	Ақ жол – 4, ҚХП – 3, Ауыл – 2, ЖСДП – 1	Аманат – 8, ЖСДП – 1, Ауыл – 1, ҚХП – 0	Аманат – 9, ЖСДП – 2, Ауыл – 1	Аманат – 8, ҚХП – 2, Ақ жол – 3	Аманат – 6, Ақ жол – 1, ЖСДП – 1	Аманат – 7, ҚХП – 1, Ауыл – 1, Ақ жол – 1

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



«2024 – САЙЛАУ ЖЫЛЫ»:

САЯСИ НАУҚАНДАР

әлем халқының тең жартысына жуығын, 4 миллиард адамды қамтымақ

2024 жылды әлем үшін «сайлау жылы» деуге болатындай. Себебі, биыл 50-ден астам елде түрлі сайлау науқандары өтеді. Елеулі сайлау науқандары әлем болашағын қалыптастырады. Кей елде президент сайлауы, кей елдерде парламенттік сайлау науқандары күнтізбеде тұр. Бұл саяси науқандар әлем халқының тең жартысына жуығын, яғни 4 миллиард адамды қамтиды. Ең маңыздысы, әлемнің әр түкпіріндегі осы саяси оқиғалардың нәтижесі алдағы қысқа және орта мерзімдегі әлемдік саяси бет-бейнеге өз әсерін тигізеді. Осыған байланысты кейбір ақпарат құралдарында биылғы сайлау науқандары қазірден бастап талқы өзегі болып тұр. Тіпті, биыл демократиялық басқарудың үлкен сыннан өтетін жылы дейтіндер де бар. Бүгін біз де өз тарапымыздан әлемдегі елеулі сайлау науқандарын сараптап, ой елегінен өткізбекпіз.

ШЫҒЫС ОҢТҮСТІК АЗИЯ ЕЛДЕРІ

«Сайлау жылының» шымылдығын Бангладеш ашты. Жылдың алғашқы жексенбісінде өткен сайлауда Шейх Хасина төртінші рет премьер-министр болып сайланды. Халық санының көптігіне қарамастан сайлаушылар жоғары белсенділік танытты. Елдегі оппозициялық саяси партиялар сайлау нәтижесі бұрмаланды, әділ өтпеді деп сынға алды. Тіпті, Шейх Хасинаның пайдасына шешілген сайлау нәтижесін мойындамауға, байкот қоюға шақырды.

Осы жылдағы ең елеулі сайлаулардың бірі 13 қаңтарда Тайваньда өтті. Елеулі дейтін себебіміз, АҚШ–Тайвань–Қытай үш-жақты қарым-қатынасы аса күрделі күйде тұрған кезде аралда өткен сайлау әлем назарын өзіне аударды. Сайлау нәтижесі бойынша дербестікті жақтаушы деп танылған Демократиялық прогрессивті партия кандидаты Лай Циньдэ жеңіске жетті. Соған байланысты алдағы төрт жыл ішінде Бейжің мен Тайбэй қарым-қатынасы аса бір күрделі күйде болады деп болжауға болады. Аралдағы сайлау нәтижесі материктік Қытай ішінде де өзінің ықпал-әсерін жасайтыны анық.

Шығыс Оңтүстік Азия жаһандық дамуда

барған сайын маңызды болып келе жатқан аймақ. Бұл аймақты болашақ экономикалық дамудың көшбасшы аймағы деген болжамдар да бар. Сондықтан осы аймақтағы саяси өзгерістер ірі елдердің назарында болатыны белгілі. Айталық, ақпан айында Индонезия өзінің жаңа президентін сайлағалы отыр. 280 миллионға тарта халқы бар елдегі дабыралы сайлау аймақ үшін де маңызды болмақ.

ОҢТҮСТІК АЗИЯ

Биыл Үндістанда да, Пәкістанда да сайлау науқаны жарияланған. Ақпан айында Пәкістанда парламенттік сайлау өткелі тұр. Қазір елдегі оппозиция лидері саналатын бұрынғы премьер-министр Имран Хан қамға отыр. Оған мемлекеттік құпияларды жария етті деген айып тағылған. Имран Хан өзіне тағылған айыппен келіспейді. Ол биліктен кеткелі бері Пәкістан саяси тұрақсыздық күйінде. Қазіргі билік пен оппозиция арасындағы тартыс ауық-ауық күшейіп кетіп отырды. Бұндай кезде өтетін парламенттік сайлауы елдегі саяси күштер арасындағы қызу тартысты сахнаға айналады деп күтілуде.

Ал Үндістандағы парламенттік сайлаудың жөні бөлек. Үнді жұрты әлемдегі ең ірі

демократиялық ел саналып келеді. Себебі, онда халық дауыс беруге аса белсенді қатысады және сайлау жүйесі барынша әділ өткізіледі. Осыдан бұрынғы сайлауда дауыс бюллетендерін санауға бір аптаға жуық уақыт кеткен болатын. Сәуір мен мамыр айына жарияланған сайлаудың нәтижесін әркім әртүрлі болжайды. Сөйтсе де, Нарендра Моди-дың партиясы жеңісті ұстап қалады деушілер көп. Бірақ Моди-дың билігі үндестандықтарды діни және этникалық араздыққа алып келді деушілер де бар. Соған қарамастан өткен сайлауларда Моди жетекшілік еткен Бхаратиа Джаната партиясын (BJP) ұлттық мүддені қамтамасыз ете алады деп жақтағандар көп болған.

СОЛТҮСТІК

Наурыз айында Ресейде өтетін президент сайлауы біздің ғана емес, әлемнің назарын өзіне аударайын деп тұр. Себебі, Украинадағы қазіргі жағдай және Ресей мен Батыс қарым-қатынасының ушыққан тұсында Ресей Федерациясының президентін сайлау науқаны кылтеңді құбылыс болуы мүмкін. Дегенмен, Ресейде Путиннің орнына жаңа президент келеді дегенге сенім тым төмен. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жақында «Егемен Қазақстан» басылымындағы сұхбатында Ресейде өтетін сайлаудың біздің еліміз үшін де маңызды зор екенін айтқан болатын.

Өз тұрғымыздан қарастырып көретін болсақ, Ресейдегі президент сайлауы қазіргі билік басындағы тұлғаны қалдырса да, жаңа билікті алып келсе де бізге тұрақты әсерін жасайтыны анық. Путин билігінің жалғаса беруінің де, алмасуының да бізге келтіретін мүмкіндіктері және сын-қатерлері де бар. Айталық, қазіргі биліктің жалғасуы барған сайын ел ішіндегі қысымдардың өсуіне алып келері сөзсіз. Әсіресе, Батыспен конфликті қарым-қатынас кезінде. Бұл оның Қазақстанға қарата саяси қысымдардың өсуіне апарып

соғуы да мүмкін. Бірақ Астана мен Мәскеудің дәстүрлі қарым-қатынас үлгісі екіжақты сенімді бекітіп келе жатқанын ескерсек, сайлау нәтижесіне қарамастан екіжақты қарым-қатынас өз арнасында дами береді деуге болады.

ЕУРОПА МЕН АМЕРИКА

Еуропа жарты миллиард адамның сайлау құқығын пайдаланатын саяси доданы маусым айына қойып отыр. Ал жыл соңына қарай Британия мен АҚШ-та да сайлау болғалы отыр. Демократиялық әлемнің көшбасындағы елдердің сайлауы демократия құндылығының сыннан өтетін нағыз сындарлы тұсы. Еуропадағы сайлаудың бұрынғыдан бөген-айы бөлек көрінеді. Себебі, сауалнамалар көрсеткендей, Франция, Германия және Италия сияқты жетекші елдерде оңшыл популистік партиялар таразы тартып тұр. Олар барған сайын қолдаушылар қатарын көбейтіп жатыр. Сарапшылар бұл үрдіс Еуропадағы саяси институттарға әсер етпей қоймайды деген ойда.

Қарашада Америка Құрама Штаттарының азаматтары Джо Байденді билікте қалдыру немесе Республикашылар лидері Дональд Трампты билікке алып келу таңдауын жасағалы отыр. Трампқа қатысты айыптауларға байланысты ол сайлауға жете алмайды деген көзқарасқа қарамастан, ол әзірге президент Байденнің бірден-бір қарсыласы саналады. Ал сайлау нәтижесі Құрама Штаттарға ғана емес, қазіргі әлемнің геосаяси бейнесіне де әсер етері анық.

Естай БОЖАН,
сарапшы.





ТАҒАЙЫНДАУ



Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының басшысы тағайындалды

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың өкімімен Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының басшысы лауазымына Айдар Есенбеков тағайындалды.

Айдар Есенбеков 1979 жылы 8 тамызда туған. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген, әлеуметтану магистрі.

Еңбек жолын 2003 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде оқытушы болып бастаған. 2004–2006 жылдары Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушысы болды.

2006 жылдан бастап мемлекеттік органдар құрылымында жұмыс істейді. 2006 жылы Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының Жетісу ауданы бойынша аумақтық бөлімінің бас маманы болып жұмыс істеді. Алматы қаласы Әуезов ауданы бойынша Ішкі саясат басқармасының бөлім бастығы қызметін атқарды.

2010–2012 жылдары этносаралық қатынастар және саяси партиялармен жұмыс, үкіметтік емес ұйымдармен және діни бірлестіктермен жұмыс жөніндегі бөлімді басқарды.

2012–2016 жылдары – Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары, 2016–2019 жылдары – Алматы қаласы Дін істері басқармасының басшысы, 2019 жылдан бастап тағайындалғанға дейін Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары қызметін атқарды.

ЖОБА

Алматы қаласын дамыту бағдарламасы аясында 2025 жылға дейін әр ауданда екіден жалпы жастарға арналған 16 комьюнити-орталықты іске қосу жоспарланған. Бүгінде олардың 8-і жұмысын бастады.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Әрбір комьюнити орталық креативті қоғамдық кеңістікті құрайды. Мұнда жастарды қолдау үшін қажеттінің бәрі бір жерде жинақталған: бұл әртүрлі мемлекеттік бағдарламалар бойынша кеңес беру, психологиялық және заңгерлік көмек, NEET жастарын қысқа мерзімді курстар арқылы өзекті мамандықтарға оқыту және жұмысқа орналастыру.

Комьюнити-орталықтар жастарды қызығушылықтарына қарай біріктіре отырып, бойындағы күш-жігері мен әлеуетін өзіне, тиісінше қоғамға пайдасын тигізуге бағыттау.

Алматыда 14 пен 35 жас аралығындағы 680 мыңға жуық жас тұрады. Оның 7,3%-ы жұмыспен немесе оқумен қамтылмаған, яғни NEET жастары.

Жастар саясатының басты мақсаты – әрбір жас алматылыққа қоғамда өз әлеуетін іске асыруға және қоғамның толыққанды мүшесі болуға көмектесу. Ал комьюнити-орталықтар жастарды әлеуметтендірудің маңызды құралы болуға бағытталған.

Бұл жұмыс қазірдің өзінде алғашқы нәтижелерін берді. Егер 2023 жылдың басында NEET жастардың үлесі 8,3%-ды құраса, қазір бұл көрсеткіш 1%-ға төмендеді.

Айта кету керек, 2025 жылдың соңына дейін қаламызда тағы 8 комьюнити-орталық ашу жоспарланған.

Комьюнити-орталықтардың жұмыс уақыты

Дүйсенбі – жексенбі, демалыссыз.

Уақыты: 10.00-ден 19.00-ге дейін.

ҚАУІПСІЗДІК

ДАБЫЛ ТҮЙМЕСІ
қоғамдық көліктерге
орнатылуы мүмкін

Алматы қаласы Полиция департаментінің қызметкерлері жолаушылар тасымалымен айналысатын автобус парктөрінің өкілдерімен кездесу өткізіп, жол қауіпсіздігіне байланысты мәселелерді талқылады.

ҚАЖЕТТІНІҢ БӘРІ БАР

Мегаполисте жастарға арналған 8 комьюнити-орталық ашылды

АЛМАТЫДАҒЫ КОМЬЮНИТИ ОРТАЛЫҚТАРДЫҢ БАЙЛАНЫС НӨМІРЛЕРІ

АЛАТАУ АУДАНЫ +7 707 168 1028 ҚАЙРАТ	ЖЕТИСУ АУДАНЫ +7 708 334 4539 ЖАНАР
АЛМАЛЫ АУДАНЫ +7 777 122 8901 СЕЙІТКЕРІМ	ТҮРКСІБ АУДАНЫ +7 708 390 1363 НҰРАСЫЛ
ӘУЕЗОВ АУДАНЫ +7 707 556 7861 ЖАНЕРКЕ	НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ +7 707 663 6949 ТАУАСАР
БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ +7 775 583 8015 ДАНАБЕК	МЕДЕУ АУДАНЫ +7 707 571 7104 ДИЛЯРАМ

ЖҰМЫС КЕСТЕСІ: ДС-ЖК 10.00-19.00

- БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ, АБАЙ ДАҒҒЫЛЫ, 164/6
- АЛМАЛЫ АУДАНЫ, БАЙТҰРСЫНОВ КӨШЕСІ, 22/1
- МЕДЕУ АУДАНЫ, НАЗАРБАЕВ ДАҒҒЫЛЫ, 36
- НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ, ШҰҒЫЛА Ш/А., 343/7
- ТҮРКСІБ АУДАНЫ, ЖАС ҚАНАТ Ш/А., 49А
- ЖЕТИСУ АУДАНЫ, БОТКИН КӨШЕСІ, 20
- ӘУЕЗОВ АУДАНЫ, МАМЫР-1 Ш/А., 26/1
- АЛАТАУ АУДАНЫ, САЯЛЫ Ш/А., 71



Кездесу барысында алматылық полициялар қоғамдық көліктерге «102» арнасына шығатын дабыл түймесін орнатуды


ұсынды. Айтуларына, дабыл оқыс жағдайға тап болған кезде бірден «102» арнасына түседі. Сондай-ақ, көлік ұйымының диспетчерлік қызметіне де лезде хабар береді.

Бұған қоса, қалалық Әкімшілік полиция басқармасының басшылығы автобустардағы бейне және дыбыс жазатын бақылау камераларын жаңартуды ұсынды.

Алматы қалалық ПД әкімшілік полиция басқармасы бастығының орынбасары Болатбек Баятановтың айтуынша, бұл әдіс қоғамдық көліктегі кез келген құқықбұзушылыққа және жүргізушілер мен жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Құралай ЖҰМАДИЛОВА.

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

Берешекті бөліп төлеу:
не істеу керек?

Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте «Проблемалық берешекті реттеу тетігі» тақырыбы қозғалды.



Айнабай
МӘДИ

ҚР Қаржы нарығын дамыту және реттеу агенттігі Қаржылық қызметтерді тұтынушылар құқығын қорғау департаментінің директоры Александр Терентьев, аталған департаменттің халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру басқармасының бас маманы Мұхамед Бағдатұлы несие мерзімі өтіп кетсе, не істеу қажеттігін, кредиторға қалай және қан

шан жүгіну керектігін тәптіштеп түсіндіріп, журналистер сауалына жауап берді.

«Несие берушіден кешіктірілгені жөнінде хабарлама алғаннан кейін қарыз алушы мерзімі өткен күннен бастап 30 күн ішінде жазбаша өтінішпен немесе шартта жазылған өзге тәсілмен несие қайта құрылымдауға қызмет көрсетілетін қаржы ұйымына жүгінуі керек», – деді департамент директоры А.Терентьев.

Осылайша өтініште қарыз алушы өз міндеттемесін орындамау себебін көрсетуі қа

жет. Мұндайда қолда қаржылық жағдайдың нашарлауын растайтын құжат болуы маңызды. Күнгізбелік 15 күн ішінде шарт талабына сіз ұсынған өзгерісті қабылдай отырып, келісуге шарт талабын өзгерту бойынша өз нұсқасын ұсынуға міндетті.

«Жағдайлар тізбесі әрбір кредитордың ішкі кредит саясатына байланысты болып келетін қолданыстағы талапта шарт бойынша міндеттемені орындау мүмкін еместігіне әсер еткен жағдайға байланысты толықтырылуы мүмкін», – деді департамент директоры. Осылайша қарыз алушы кредиторға өзінің қаржылық және әлеуметтік жағдайы туралы ақпаратты өзі ұсынуы, кірісінің азайғаны не жоқ екендігі, өз міндеттемесін толық көлемде орындауға мүмкіндік бермеу фактісін құжатпен растауы тиіс.

«Егер қарыз алушы банкпен не МҚҰ-мен келісімге қол жеткізбеген жағдайда, ол агенттікке жүгінуге құқылы. Бұл ретте өзінің банкке жүгінгенін, сондай-ақ өзара тиімді шешімге қол жеткізбегенін міндетті түрде растауы тиіс. Агенттік өтініш негізінде өз өкілеттігі шеңберінде кредиторға қатысты құжаттамалық тексеруге бастама жасайды әрі тексеру іс-шарасы аяқталған соң банктің іс-әрекетін бағалауды ұсынады», – деп түсіндірді А.Терентьев.

Быттыр агенттік азаматтар мен заңды тұлғалардан келіп түскен 59,4 мыңнан астам өтінішті қараған. Өтініштерге жасалған талдау көрсеткендей, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқығын бұзудың көпшілігі кредиторлардың азаматтардың мерзімі өткен берешегін реттеу жөнінде шара қабылдамауы болды. Анықталған олқылықтар бойынша бытырғы жылдың басынан бері агенттік қаржы ұйымдарына қатысты 224 шара қолданып, шамамен 189,9 млн теңге сомасына 159 әкімшілік жаза қарастырылған.

Қазағымның «Қарыз күліп келіп, жылап қайтады» дегені рас. Несиені өтеуде қиындыққа тап болған қарыз алушы бұл жағдайда міндетті түрде банкке немесе МҚҰ-ға хабарласып, өтініш жазу қажет. Қарыз алушы мерзімі өткен берешекті реттеуде шараны неғұрлым ертерек қабылдаса, соғұрлым тезірек берешекті өтеудің өзара қолайлы нұсқасы табылатын болады.

БРИФИНГ

«Европротокол»

Алматылықтар жол-көлік оқиғасын полиция мен сотсыз рәсімдей алады



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында ЖКО ресімдеудің жеңілдетілген тәртібін енгізу туралы Алматы қаласы Полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасының аға инспекторы, полиция капитаны Аян Бақытов айтып берді.

Оның айтуынша, 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап шағын жол-көлік оқиғалары кезінде жүргізушілер сақтандыру жағдайын полиция мен соттың қатысуынсыз жеңілдетілген тәртіппен рәсімдей алады. Ол үшін мемлекет «Европротокол» арнайы мобильді қосымшасын әзірледі.

Қосымшаның көмегімен ата-аналар ЖКО фактісін дербес тіркей алады және сақтандыру компанияларына материалдық залалды өтеуге өтінім бере алады.

«Еуроқаттама» бойынша ЖКО ресімдеу үшін бірнеше шарт бар:

– ЖКО-ға тек екі көліктің қатысуы болып; екі жүргізушінің де қолданыстағы сақтандыру полистері болса;

– Зиян тек көлік құралына келген жағдайда;

– ЖКО салдарынан келтірілген залалдың мән-жайы, көлік құралының көрінетін зақымдануының сипаты мен тізбесі, ЖКО қатысушыларының бірінің кінәсі оқиғаға қатысушыларда келіспеушілік туғызбайды және декларацияда тіркеледі;

– ЖКО қатысушыларының денсаулығына зиян келмеген жағдайда;

– Оқиғаға қатысушылар сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемінің мөлшеріне келіседі (100 АЕК-тен аспайды – 369 мың теңге);

– Оқиға туралы құжаттар мен мәліметтерді ресімдеуді сақтандыру компаниясының ақпараттық жүйесін немесе «Еуроқаттама» мобильдік қосымшасын пайдалана отырып, деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, декларация жасау арқылы қатысушылар жүзеге асырады.



ТАҒЫМ

ҚАЗАҚТЫҢ ДИМАШЫ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

12 қаңтар – қазақтың маңдайына біткен ірі тұлға, саясаткер, мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаевтың туған күні. Міне, 30 жылдан астам уақыттан соң оның есімі қайта атала бастады. Бұл жолы алматылықтар қазақтың Димашының 112 жылдығын ауқымды атап өтті.

Пердехан
ШӘМШИЕВ

Мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, дипломат, академик Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың есімін білмейтін қазақ жоқ шығар. Ол кісінің көзін көргендер жақсы естеліктерімен бөлісіп жатады. Халық аузында жүрген аңыз әңгімелер қаншама. Халық айтса, қалт айтпайды. Әр аңыздың астарында шындық бар.

12 қаңтарда Д.Қонаев бюстінің алдына сол кісінің көзін көрген, жақсылығын сезген, оны үлгі тұтатын азаматтар, оның туған-туыстары жиналды. Жиналғандардың қарасы үзілмеді. Қаз-қатар тұрғандар бірінен соң бірі ескерткішке гүл шоқтарын қойып, ірі тұлғаны еске алды.

Д.Қонаев атындағы қордың президенті, әрі оның туысы Эльдар Қонаев салтанатты іс-шара басталарда сөз сөйлеп, іс-шараны ұйымдастыруға мұрындық болған қала әкімдігіне ризашылығын білдірді. Сонымен қатар, есімі ұмытыла бастаған Д.Қонаевты қайта елеп-ескеріп отырған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

Іс-шара барысында сонымен қатар, ҰҚК Шекара қызметі академиясының курсанттарының қатысуымен «Өткенге құрмет» және көгершін ұшыру акциясы өтті.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕК.

ҚАЗҰУ – 90

ТАРИХҚА ТОЛЫ ТОҚСАН ЖЫЛ

Рая
ЕСКЕНДІР

(Басы 1-бетте)

Аталмыш жоба ҚР ҒЖБМ Ғылым қорының қаржылай қолдауымен жүзеге асып отыр. Мұнда оқу ордасының ғалымдары машина жасау және техникалық құрал жасау қажеттіліктері үшін, сондай-ақ кәдесыйлар мен зергерлік бұйымдарды өңдеп, арнайы гальваникалық қаптамалар шығарумен айналысатын болады.

Орталықтың ашылу салтанатына жиналғандар алдымен өндірісті аралап, оның материалдық-техникалық базасымен танысты. Жаңа жобаның жетекшісі Алина Ғалиева қонақтарға ғылыми-өндірістік орталық туралы айтып, кеңінен таныстырды.

Мерейтойдың ашылу салтанатына арнайы келген Ғылым және жоғары білім вице-министрі Дархан Ахмед-Заки университет ғалымдарының атқарып отырған жұмысына жоғары баға беріп, отандық ғылымды өркендету үшін заманауи өндірістерді дамытудың аса маңызды екенін жеткізді.

Өз кезегінде ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев орталықтың маңызы туралы айта келе, «ҚазҰУ-да дайындалатын гальваникалық қаптамалар өнімнің қызмет ету мерзімін ұзартады. Яғни бұл өндірушіге де, тұтынушыға да пайдалы. Бұл ең алдымен – тат басудан қорғаудың жаңа әрі тиімді әдісі. Сондай-ақ, жаңа орталық өндіріс технология және операторы мамандарын даярлайды», – деп атап өтті.

Осынау жобаның басы-қасында жүрген «Chemical Coating

innovations» ғылыми-өндірістік орталығының жетекшісі Алина Ғалиева қонақтарға бұл жүйенің тиімділігі туралы баяндай келе: «Бүгінде елімізде электрохимиялық қаптамаларды жасау жұмысы қарқынды дамып жатыр деп айта алмаймыз. Өйткені, осы күнге дейін мұндай ғылыми-өндірістік орталықтар болған жоқ. Электрохимиялық қаптамалардың қасиеті мен құны өте тиімді және тәжірибеде берік болады. Қазіргі уақытта біздің орталықта мырыштау, никельмен қаптау және мыс өңдеу желілері орналасқан қойма бар. Өндіріс жылына он мыңдаған шаршы метр қаптамалар алуға мүмкіндік береді», – деді.

Жаңадан ашылған орталық мамандары алдағы уақытта әртүрлі агрессивті ортадан қорғайтын қаптамаларды алу және қолдану технологияларын әзірлеуді де жоспарлап отыр.

Сонымен, аталмыш жобаны іске асыру өнеркәсіп секторының нақты сұранысына негізделіп отыр. Мәселен, теміржол саласының алпауыты саналатын француздық ALSTOM компаниясының технологиясы бойынша теміржол автоматикасын шығаратын машина жасау зауыты – «ҚазЭлектроПривод» БК ЖШС халықаралық стандарттарға сәйкес қапталатын қорғау қаптамаларын алу технологиялары мен қызметтерін қажет етеді. Осы сұраныстарға орай, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да электрохимиялық технологиялардың тұтас жүйесі әзірленіп, олардың ішінде әртүрлі мақсаттағы электролиттік қаптамаларды алу технологиялары коммерцияландыруға ұсынылатын болады.

Жаңа орталықтың ашылу салтанатынан соң, оқу ордасының әл-Фараби кітапханасында мерейтойдың ресми бөлімі басталды. Қонақтар мен оқу ордасының түлектері университет тарихына арналған сирек фотосуреттер мен кітаптардың көр-

месін тамашалады. Сонымен қатар, университеттің 90 жылдығына арналған кітаптардың экспозициясы ұсынылды.

Алдымен қонақтар қарашаңырақтың қалыптасу дәуірінен сыр шертетін шежіреге толы деректі фильмді тамашалады.

Алғашқы сөз кезегін алған Басқарма төрағасы, университет ректоры Жансейіт Түймебаев тарихын тереңге тартқан білім мен ғылымның кені болған оқу ордасының осынау жылдар ішінде жүріп өткен жолы мен табысқа толы тарихынан сыр шертті. Оқу ордасының тәуелсіз еліміздің дамуы мен қалыптасуына зор үлес қосқанын мақтанышпен атап өтті.

Келесі кезекте Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев университеттің еліміздің білім саласы үшін аса маңызды екенін айтып, оқу ордасының ұжымын айтулы мерейтоймен құттықтады.

Мерейтой салтанатына жиналғандар үлкен экраннан ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің видеокұттықтауын тыңдады.

Осынау жылдар бойы қарашаңырақ қабырғасында еңбек етіп, еліміздің білімі мен ғылымына өлшеусіз үлес қосқан университет оқытушылары «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін», Б.А.Алтынсарин төсбелгілерімен, сонымен қатар ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің Құрмет грамотасымен, Алғыс хатымен және оқу ордасының ең жоғары марапаты «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.

Осынау оқу ордасының мыңдаған түлектерінің ыстық ықыласын ҚазҰУ Түлектер қауымдастығының төрағасы Қайрат Мәми жеткізді.

Университеттің мерейтойына арналған салтанатты жиын соңы студенттердің концертіне ұласты.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

МИНИСТР

Алматының «Достық» үйінде Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың ғылыми қоғамдастық және ҰҒҰ өкілдерімен арнайы және инклюзивті білім беру мәселелері бойынша кездесуі өтті.

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев кездесу барысында инклюзивті білім беру мәселелеріне Үкімет пен министрлік тарапынан аса көңіл бөлінетінін айтты.

— Қазір министрлікте алғаш рет Инклюзивті және арнайы білім беру департаменті құрылды. Бұрын ол Орта білім беру комитетінің құрамында болды. Біз бұл бағытқа мемлекеттің аса көңіл бөлу керектігін түсінеміз. Сондықтан осындай департаменттің құрылуы қажет болды. Кей мәселелерді ауқымды қарастыра бастауымызға екі министрліктің көңіл бөлуі де әсер етті. Осы бағытта өзге де жобаларымыз бар. Мысалы: Ұлттық үздіксіз инклюзивті білім беру орталығын құру, Инклюзия мен арнайы білім беру орталығын екіге бөлу жоспарда бар. Арнайы білім беруді жеке дамыту керек, — деді министр.

Жиын барысында ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар саны жылдан-жылға бірнеше пайызға өсіп келе жатқаны хабарланды.

— Өздеріңіз білетіндей, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың саны артуда. Жылына 6-7 пайыз өсім байқалады. Былтыр ғана 188 мың бала болса, бүгінгі таңда 203 мың баладан асып отыр. Сондықтан минис-



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

трлік тарапынан бұл бағытта ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Соның ішінде басты бағыттарымыздың бірі — балалардың барлығын сапалы біліммен қамту болғандықтан, арнайы білім беру ұйымдарының желісін ұлғайту бойынша бірқатар жұмыстар атқарылды. Биыл 12 ПМПК (Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар) ашылды, қазір елімізде 104 ПМПК бар. Бұл балалардың білім беру маршруттарын анықтап, сапалы қызмет алуға үлкен мүмкіндік береді, — деді Инклюзивті және арнайы білім беру департаментінің директоры Лаура Бутабаева.

Ол сондай-ақ, түзету кабинеттерінің саны 2027 жылға дейін 34-ке жететінін атап өтті.

— Түзету кабинеттерінің санын арттыру бойынша жүйелі түрде жұмыс атқарылып жатыр. Биыл 9 түзету кабинеті ашылды, келесі жылы — 9, 2027 жылға дейін олардың санын 34-ке жеткізу жоспарланып отыр. Сондай-ақ, мектепке дейінгі ұйымдардың 44%-ында, орта білім беру ұйымдарының 86%-ында және техникалық, кәсіптік білім беру ұйымдарының 47%-ында инклюзивті білім беруге жағдай жасалған. Білім беруді дамытудың тұжырымдамасына сәйкес бұл көрсеткішті 2027 жылға дейін 100%-ға

жеткізу көзделген, — деді Лаура Бутабаева.

«Дөңгелек үстел» барысында Инклюзивті және арнайы білім беру бағытындағы басты мәселелер де талқыланды. Атап айтқанда, Инклюзивті және арнайы білім беру департаментінің директоры ерекше қажеттілігі бар балаларға білім бере алатын білікті ұстаздардың тапшылығына тоқталып, министрлік тарапынан бұл мәселені шешуге арналған жоспарымен бөлісті.

— Бұл бағытта бізде бірқатар проблема әлі де бар. Ол осындай балалармен жұмыс істейтін педагогтардың

толықтай дайын еместігі. Сол себепті, педагогикалық мамандарды дайындайтын ЖОО-лардың бағдарламаларына инклюзивті білім беру бойынша модуль қосу ұсынылып отыр. Одан бөлек, біліктілікті арттыру аясында инклюзивті білім беру, яғни ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларымен жұмыс істейтін базалық біліктілікті арттыру курстары әзірленуде. Бұл курстар базалық, себебі барлық педагогтар осы бейімделген білім беру ортасын қалай құрады, пәнін қалай бейімдеп оқыту керек, балалардың ерекшелігін ескеріп қалай базалау керек деген негізгі базалық құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған, — деді департамент басшысы.

ДАРЫНДЫЛАР ДОДАСЫ

ЖӘУТІКОВ ОЛИМПИАДАСЫНДА ЖҮЛДЕГЕРЛЕР КӨП

Қазақстан оқушылары 10 алтын, 43 күміс және 56 қола медаль алды

Алматы қаласында математика, физика және информатика пәндері бойынша XX Халықаралық Жәутіков олимпиадасының салтанатты жабылуы болды.



Салтанатты рәсім барысында жеңімпаздар марапатталып, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев және КеАҚ РФММ директорлар кеңесінің төрағасы Берік Қаниев құттықтау сөз сөйледі.

— Жас достар, әріптестер, мұғалімдер! Бүгінгі Жәутіков атындағы халықаралық олимпиаданың жабылу салтанатымен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын! Қазір сіздер үшін әсерлі сәт, 5 күн бойғы жұмыстың жетістіктеріне қарай марапат тапсырылады. Бірақ меніңше ең бастысы, жеңіс емес, бастысы, осындай жарысқа қатысушы болу. Бүгін осы жерде отырғандарыңыздың өзі сіздердің лидерлік қасиеттеріңізді көрсетеді. Және жарыс барысында өмірлік азық болатындай тәжірибе алдыңыздар деп сенемін, — деді Ғани Бейсембаев.

Айта кеткен жөн, олимпиадаға Қазақстан, Әзербайжан, Армения, Беларусь, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Болгария, Тәжікстан, Моңғолия, Грузия, Сербия, Түркия, Түркіменстан және Румыния сынды 16 елден 700-ге жуық оқушы қатысты. Халықаралық қазылар алқасының құрамында 7 елдің мамандары болды: Қазақстан, Ресей,



Армения, Беларусь, Оңтүстік Корея, Қытай және АҚШ. Биыл олимпиада ерекшелігі — әлемнің мамандандырылған физика-математика мектептері арасында бірден үш пән бойынша өткізілуі болды. Оған қоса, халықаралық жарыс үш жылдық онлайн форматтан кейін алғаш рет қайта офлайн форматта ұйымдастырылды.

Жалпы, жарыс нәтижесі бойынша Қазақстан оқушылары 109 жүлде — 10 алтын, 43 күміс және 56 қола медаль алды. Ал олимпиаданың жүлделі командалық орындарын келесі командалар иеленді:

Гран-при — Санкт-Петербург қаласының №239 президенттік физика-математика лицейі, I орын — Мәскеу қаласы В.Ф.Овчинников атындағы «Екінші мектеп» лицейі, II орын — Тбилиси қаласының Л.В.Комаров атындағы №199 математика және физика арнайы мектебі және Долгопрудный қаласының П.Л.Капица атындағы «Физтех-лицейі», III орын — Минск қаласының БМУ лицейі, София қаласының Sofia High School of Mathematics мектебі, Долгопрудный қаласының П.Л.Капица атындағы «Физтех-лицейі» және Алматы қаласының РФММ.

Олимпиада 8–13 қаңтар аралығында

20 жыл бойы осы іс-шараның ұйымдастырушысы болып келе жатқан Республикалық физика-математика мектебінің базасында өтті. Олимпиаданың мақсаты — оқушылар арасында физика-математика ғылымдарын насихаттау, халықаралық ынтымақтастықты дамыту, түрлі елдердің мамандандырылған мектептері арасында достық қарым-қатынас орнату, олимпиадаларды ұйымдастыру және өткізу тәжірибесімен алмасу, сондай-ақ Қазақстанның білім және мәдениет деңгейін көрсету.

Гран-при, I, II және III орындарды жеңіп алған команданың барлық мүшелері медальдармен, дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Үздік нәтиже көрсеткен қатысушылар Нұрлан Қаппаров атындағы қордан математика пәнінен Нұрлан Қаппаров атындағы сыйлықты, физика пәнінен Әділет Имамбеков атындағы сыйлықты және информатика пәнінен Илья Сегалович атындағы сыйлықтарды алды.

Халықаралық Жәутіков олимпиадасы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің, «Дарын» РҒПО және Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен өткізілді.

Бетті әзірлеген Досбол АТАЖАН.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



МЕКТЕП АСХАНАСЫ

Бірыңғай стандарт:

ТӨРТ АПТАЛЫҚ ТЕГІН ТАМАҚТАНУ МӘЗІРІ

Қаламыздың экономикалық жағдайы жақсарған сайын әлеуметтік саланың тамырына да қан жүгіре бастады. Әсіресе, кейінгі уақыттарда бірінен соң бірі ашылып жатқан жаңа мектептердің арқасында қаламыздағы ең өзекті мәселенің түйіні шешілді. Осы күнге дейін қаланың «бас ауруына» айналған оқушы орны тапшылығы жойыла бастады. Осы орайда, халқы тығыз орналасқан Алатау ауданы аумағында ашылған жаңа мектептердің қатары артып келеді.

Рая
ЕСКЕНДІР

Осы ауданға қарасты «Ботагөз» ықшам-ауданындағы №204 жалпы білім беретін мектеп 2022 жылдың 1 қыркүйегінде ашылды. Жаңа заманға лайықтап бой көтерген мектептің аумағы өте кең, шамамен 1800 орынға арналған. Соған қарамастан қазіргі таңда мектепте 2710 оқушы білім алып жатыр. Қазіргі кезде мектепте 100 сынып комплектісі ашылды. Ықшам-ауданда тұрып жатқан тұрғындардың қатары да жыл санап артып келеді. Мәселен, дәл қазір мектептің бастауыш сыныбында 551 оқушы білім алып жатыр. Жаңа мектептің өзіндік жаңалығы да жоқ емес. Мәселен, мектептің А блогында 1–4 бастауыш сыныптар, В блогында 5–9-сынып орта буын, С блогында 10–11-сыныптықтар, яғни жоғарғы буын оқиды. Жаңа мектептің тағы бір ерекшелігі, мұндағы әрбір блокта жоғары сапалы лифт жұмыс істеп тұр. Оқу кабинеттерінің саны – 80. Барлық оқу кабинеттері интерактивті панельдермен, заманауи модификациядағы жиназдармен жабдықталған.

ТАМАҚТАНУДЫҢ ДА
ӨЗ ӘДЕБІ БАР

№204 мектептің пайдалануға берілгеніне де көп уақыт өте қойған жоқ. Содан да болар, мектептің ауласынан бастап асхана-сына дейін жарқырап тұр. Бұл ретте мектептің алғашқы қалпын сақтап тұруы көп жағдайда оның басшысына да байланысты

екені белгілі. Біз аталмыш мектептің басшысы қалалық мәслихат депутаты Гүлжан Бекеноваға жолығып, келген жұмысымызды жеткіздік. Біздің негізгі мақсатымыз – мектеп оқушыларының талапқа сай тамақтануы төңірегінде болғандықтан, толығымен камтуға тырыстық. Міне, кең де жарық дәліз бізді самаладай жарқыраған асханаға бастады. Асхана өте үлкен, 329 оқушыға арналған, әрі қазіргі талапқа сай, жарқырап тұр. Көзіміз бірден қабырғада ілулі тұрған асханада тамақтанудың кестесіне түсті. Міне, кестеге сай алдымен асханаға бастауыш сынып оқушылары енді. Жалпы, мұнда барлығы тәртіпке сай қызмет етеді.

Мәселен, тамақтанудың да өзіндік ережелері бар. Оқушылар алдымен қолдарын жуып, өз орындарына жайғасты. Асханадағы жиназдар да жап-жаңа. Оқушылардың отыратын орындықтары мен ас ішетін үстелдің еркін қимылдап, қозғалуына өте ыңғайлы екені байқалады. Тамақ толы үстелде ас мәзіріне сай қарақұмық, нан, қияр, йогурт, компот тұр. Тамақтың дәмді екені бір қарағанның-ақ байқалады. Бармағынан бал тамған аспазшылар әзірлеген тағамдарды балалар таласа-тармаса жеп жатыр.

«Адамның тәбеті ас үстінде келеді» деген сөз бар емес пе? Біздің бір байқағанымыз, жаңа мектептің асханасы да жаңаша қызмет көрсетеді екен. Мұндағы басты ерекшелік – дайын тамақтар ланч-бокс ыдыстарға салынған. Әлемдік тәжірибеде мұндай ыдыстарды экологиялық жағынан зиянсыздығымен ерекшеленеді деп жиі естіп жүрміз. Сондықтан өркениетті ел-

дердің барлығы дерлік осындай ыдыспен ас іше бастады. Өйткені, мұндағы ас ұзақ уақытқа дейін бастапқы қалпын сақтап тұрады. Сосын дәмі де еш бұзылып кетпейді. Әрі ыдыс оңайлықпен сына қоймайды. Жапондық мектеп оқушылары осы күнге дейін таңғы ас пен түскі астарын осындай ыдыстармен ішетін көрінеді.

ӘЛЕМДІК ТӘЖІРІБЕДЕН
ҮЙРЕНЕРІМІЗ КӨП

– Мектебіміздің оқушылары кестеге сай тамақтанады. Өздеріңіз де байқап көргендей, алдымен бастауыш сынып оқушылары тамақтанады. Апталық ас мәзіріндегі қарақұмық, картоп, күріш, еттен жасалған котлет, түрлі жармалар бар. Сонымен қатар, түрлі дәрумендер алма, банан, қызанақ, қияр, қырыққабат, сәбіз, йогурт, компот үнемі беріледі. Мұндай дәрумендер ас мәзірінен үзілмейді. Ең басты ерекшелігіміз, мұнда тамақтар ланч-бокс ыдыстарға салынады. Жалпы, әлемдік тәжірибеде мұндай ыдыстар экологиялық жағынан зиянсыздығымен ерекшеленетін көрінеді. Ерекшелігі сол – мұндағы ас бастапқы қалпын сақтап, дәмі өзгермейді. Сосын мұндай ыдыстар сына қоймайды. Шетелге барған сапарымызда мектеп оқушылары осы күнге дейін түскі астарын осындай ыдыстармен ішеді екен. Қазіргі таңда асханамызда 1–4-сыныптың 1344 оқушысы мен жалпыға міндетті білім беру қорынан 5–11-сыныпта оқитын 60 оқушыны тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіп отыр, – дейді №204 мектеп директоры Гүлжан Бекенова.

Мектеп асханасының іші санитарлық эпидемиологиялық талаптарға сай жасақталып, қажетті құрал-жабдықтармен толық жабдықталған. Мәселен, бракераж, тауарды қабылдау, тазалық жұмыстарын жүргізу, ауа ылғалдандыру, С дәруменін тіркеу сияқты журналдар талапқа сай жүргізіліп отырады. Ас мәзірін дайындауға арналған техникалық құралдармен (пісіру және жылыту және тамақты қуыруға арналған пештер, тамақтың иісін алатын желдеткіш құралдар, етартқыштар, электронды нан кескіш құрал, пайдаланылған ыдыстарды булайтын құрылғылар, 600 дана ланч-бокс ыдыстарымен) қамтамасыз етілген. Тағам түрлерін сақтауға арналған 10 тоңазытқышта күнделікті пайдаланатын сүт, ет, жеміс-жидек, көкөніс және тамақ қалдықтары сақталады. Сондай-ақ, кестеге сәйкес кварц іске қосылып тұрады. Тауарлар сыртқы есіктен кіргізіліп, тамақ қалдықтары арнайы дәліз арқылы сыртқа шығарылады. Бұл да асханада сақтауға тиіс басты талаптың бірі.

АС МӘЗІРІН БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ САЙТЫНАН
КӨРУГЕ БОЛАДЫ

Қазіргі таңда барлық мектептерде бірыңғай стандарттарға сәйкес, 4 апталық тегін тамақтану мәзірі бекітілген. Көп жағдайда мектеп ата-аналары балаларының қандай тамақ ішетініне қызығушылық танытып жатады. Мұндай жағдайда мектеп асханасындағы күнделікті ас мәзірін Білім басқармасының немесе сол білім беру ұйымдарының сайтынан көруге болады.

Бұған қоса, мектептердегі тамақтану сапасын бақылап, күнделікті мониторинг жүргізіп отыратын арнайы комиссия құрылған. Оның құрамына медицина қызметкерлері, мектеп әкімшілігі және ата-аналар кіреді. Сондай-ақ, қалалық әкімшілік оқушылардың тамағына бөлінетін қаржы мөлшерін 560 теңгеден 800 теңгеге дейін көтеріп отыр. Мәселен, 2023 жылдың бюджетінде бұл мақсат үшін 18 миллиард теңгеден астам қаржы қарастырылды. Бұл да ел ертеңі болатын жас ұрпақтың салауатты ұрпақ болып қалыптасуы үшін жасалып жатқан оң қадамдар.

ТҮЙІН:

Қазіргі таңда көптеген ата-аналар тарапынан «балаларымызды қанша қадағаласақ та, үйде тамақ жегізе алмаушы едік. Мектепте өзге балалармен таласа-тармаса жегеніне қуанып жатамыз», – деген ризашылықтарын жиі естіп жатамыз. Бұл ретте Тағамтану институты мамандарының әрі дәмді, әрі пайдалы ас мәзірін бекіткені байқалады.

КӨШІ-ҚОН

АЛЫСТАҒЫ АҒАЙЫН
АТАЖҰРТҚА ОРАЛДЫ2023 жылы қанша этникалық
қазақ қандас мәртебесін алды?

- 2023 жылы 21 325 этникалық қазақ тарихи отанымен табысып, бауырларымызға қандас мәртебесі берілді.
- Жалпы 1991–2023 жылдар аралығында елімізге 1 млн 128,3 мың этникалық қазақ оралды.

ҚР ЕХӘҚМ баспасөз қызметі хабарлағандай, өткен жылы Қазақстанға оралған қандастардың жартысы Өзбекстаннан (50,3%), қалғандары Қытайдан (21,5%), Моңғолиядан (10,2%), Түркіменстаннан (9,2%), Ресейден (6,8%) және 2%-ы басқа елдерден келген.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша еңбекке қабілетті жастағы этникалық қоныс аударушылар саны – 60,2%-ды, еңбекке қабілетті жастаң кішілер – 30,9%-ды және зейнеткерлер – 8,9%-ды құрайды.

Еңбекке қабілетті жастағы қандастардың ішінен білім деңгейі бойынша 15,3%-ы – жоғары білімді, 32,4%-ы – орта кәсіби білімді, 44,3%-ы – жалпы орта білімді, және 8,3%-ының білімі жоқ.

Қоныс аударған этникалық қазақтар еліміздің түрлі өңірлеріне қоныстанған. Қандастарды қоныстандыру үшін еңбек күші тапшы өңірлер анықталды. Олар: Ақмола, Абай, Қостанай, Павлодар, Шығыс және Солтүстік Қазақстан облыстары.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қоныстандыру өңірлеріне 2337 қандас көшірілді, бұл 2023 жылға бекітілген квотаға сәйкес келеді. Жоғарыда аталған өңірлерде қоныстанған қандастарға көшуге субсидия түрінде мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылады – бір мезгілде отағасына және отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК (2023 жылы – 241,5 мың теңге) мөлшерінде; тұрғын үй жалдауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге – бір жыл ішінде 15-тен 30 АЕК (2023 жылы – 51,7-ден 103,5 мың теңгеге дейін) мөлшерінде.

2023 жылы 2126 қандасқа түрлі қолдау шаралары көрсетілген. Атап айтқанда, 735 адам тұрақты жұмысқа орналастырылды, 2126 адам біржолғы субсидия алды, ал 694 қандасқа тұрғын үй шығындары субсидияланды. Сонымен қатар, ерікті қоныс аударудың тиімділігін арттыру мақсатында, азаматтарды солтүстік өңірлерге қоныс аударуға қатысатын жұмыс берушілерді қолдау бойынша институционалдық шаралар қабылданды. Тұрғын үй сатып алу, салу үшін немесе ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу үшін экономикалық ұтқырлық сертификаты тұрғын үй құнының 50%-ы немесе бір отбасына 4 млн теңгеге дейін мөлшерінде біржолғы өтеусіз және қайтарымсыз негізде енгізілді.

- Естеріңізге сала кетейік, өткен жылы пилоттық режимде Қазақстан елшіліктері арқылы «бір терезе» қағидаты бойынша қандас мәртебесін беру тетігі іске асырылды. Пилоттық жоба шеңберінде елімізге бару, жұмыс орны, тұрғын үй беру мүмкіндіктері туралы мәселені шешуге және республика аумағына кірмей-ақ қандас мәртебесін алуға болады. Бүгінгі таңда этникалық қазақтардан жаңа форматта 6203 өтініш қабылданды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

(Дереккөз: ҚР ЕХӘҚМ Баспасөз орталығы).



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



ЖЫЛ ЖАҢАЛЫҒЫ

МӘМС және БІЗ

Кім қанша төлеуі керек?

Биылғы 1 қаңтардан бастап Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға төленетін жарналар мен аударымдар мөлшері өзгерді. Биыл кім қанша жарна төлейді? Жарна көлемінің өзгеруіне не түрткі болды? Осы мәселеге қатысты сұрақтарға Медициналық сақтандыру қорының Алматы филиалы директоры Тілеухан Әбілдаев жауап берді.

Естеріңізге сала кетсек, 2024 жылы ең төменгі жалақы көлемі 85 000 теңгені құрайды.

Филиал басшысы жарна төлеушілердің бірнеше санатын атап өтті. Біріншісі – мемлекет тарапынан сақтандырылатын 15 жеңілдік санаты. Оған балалар, зейнеткерлер, ҰОС ардагерлері, барлық топтағы мүгедектер, «Алтын алқа», «Күміс алқамен» марапатталған көпбалалы аналар, жұмыс істемейтін жүкті әйелдер, декретте отырған аналар, мүгедек бала күтіміне байланысты жұмыс істемейтін азаматтар, студенттер, т.б. кіреді. Жеңілдік берілген халықтың жалпы саны 11 миллионға жетіп жығылады. 2024 жылы мемлекеттің бір азаматқа төлетін жарнасы айына 5852,63 теңгені құрайды.

Атап айтқанда, биыл жұмыс берушілер қарамағындағы қызметкерлер үшін бұрынғыша, жалақының 3% мөлшерінде ауда-

рым жасайды. Төлемнің шекті мөлшері 10 ЕТЖ немесе 25 500 теңгеден аспайды. Жұмыс беруші аударымды өз қалтасынан төлейді. Ал жұмыскерлер жалақысынан 2% ұстап, қорға аударыды. Жарнаның шекті мөлшері 10 ЕТЖ немесе 17 000 теңгеден аспауы тиіс.

Одан кейінгі санат – жеке кәсіпкерлер. Нотариустар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар

да осы санатқа кіреді. Олар бұрынғыша 1,4 ЕТЖ-ның 5%-ын төлейді. Биыл ең төменгі жалақының өсуіне байланысты бұл сома 5950 теңгеге жетті.

Азаматтық-құқықтық келісімшарт бойынша еңбек ететіндер сақтандыруға бұрынғыша табысының 2%-ын аударыды.

«Қазақстанда өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар бар. Бұл азаматтар сақтандыру жүйесіне қосылу үшін екі түрлі әдісті пайдаланса болады. Біріншісі – дербес төлеуші ретінде бір ЕТЖ-ның 5%-ын немесе 4250 теңге төлеу. Екіншісі – жеке кәсіпкер ретінде тіркелу және жарналарды ЖК ретінде төлеу», – деді Тілеухан Әбілдаев.

Сақтандыру мәртебесін келесі жолдармен тексеруге болады:

- Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы;
- fms.kz ресми сайты;
- Telegram-дағы @SaqtandyrBot;
- 1414 байланыс орталығы;
- Datumed мобильді қосымшасы;
- Nalyk мобильді қосымшасы;
- BCC.KZ мобильді қосымшасы;
- Kaspi.kz мобильді қосымшасы;
- eGov.kz электрондық үкімет сайты – «Медициналық қызметтерді тұтынушы ретінде қатысу туралы және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде аударымдардың және (немесе) жарналардың аударылған сомалары туралы ақпарат беру» мемлекеттік қызметі арқылы.

СӘТТІ ОТА

97 ЖАСТАҒЫ ӘЖЕЙ аяққа тұрды

Үйінде оқыстан құлап, күрделі жаракат алған 97 жастағы кейуананы Орталық қалалық клиникалық ауруханасының тәжірибелі травматологтары аяққа тұрғызды.

«Әжейді жедел жәрдем көлігімен қабылдау бөліміне жеткізгеннен кейін, оған қажетті барлық тексеру жасалып, «жамбас сүйегінің жабық сынығы» диагнозы қойылды. Оның үстіне, қарт науқаста артериялық гипертензия, миокард инфарктісі және митральді қақпақшаның жеткіліксіздігі сынды

ілеспе аурулары болды. Бұның бәрі пациентке ота жасауға кедергі болды», – дейді травматология бөлімшесінің меңгерушісі, травматолог-дәрігер Берік Иргалиев.

Дегенмен, дәрігерлердің шеберлігі мен кәсіби біліктілігінің арқасында әжейге жамбас буынын толық ауыстыру бойынша өте күр-

делі ота жасалды. Мамандардың бұл тәуекелге баруының бірден-бір себебі – әжейдің өздігінен жүріп-тұруына мүмкіндік берудің жалғыз амалы осы ғана еді. Ота 35 минутқа созылып, сәтті аяқталды.

Отадан кейінгі келесі күні-ақ кейуана жаракаттанған аяғына сүйеніп тұра алды.

Дәл осы жағдай заманауи имплантат пен әртүрлі әдіс травматологтар мен ортопедтерге науқастың ең күрделі мәселесін шешуге мүмкіндік беретінінің жарқын мысалы бола алды.

КАРДИООРТАЛЫҚ

ЖҮРЕК ҚАЙТА СОҚТЫ

Алматылық хирургтер науқастың өмірін сақтап қалды



Алматының қалалық кардиологиялық орталығына жіті жүрек жеткіліксіздігінің айқын белгілері бар, атап айтқанда, еңтігуі жиілеген және аяқ-қолдары ісіп кеткен науқас келіп түсті. Орталықтың кардиологы науқасқа эхокардиография жүргізді.

Содан кейін кардиохирургия бөлімшесінің меңгерушісі Нұржан Жидебайұлы «орталық және митральді қақпақшаларда вегетациялар бар инфекциялық эндокардит және олардың жеткіліксіздігі» диагнозын қойды.

Инфекциялық эндокардит – бұл бактериялық немесе саңырауқұлақ инфекциясынан туындаған жүректің ішкі қабығының қабыну ау-

руы. Бұл аурумен вегетациялық кезеңдер жүрек қақпақшаларында пайда болуы мүмкін микроағзалар, фибриннен және қан жасушаларынан тұратын массалар. Олар клапанды зақымдауы және оның жеткіліксіздігін тудыруы ықтимал. Бұл диагноздың ауыр асқынуларының бірі – жедел жүрек жеткіліксіздігі және ми инсульті. Вегетациялық кезеңдер қабыршақ-

танып, қанға еніп, кез келген локализациядағы тамырлардың, көбінесе ми тамырларының бітелуіне әкелуі мүмкін. Инсульт мидың дұрыс жұмыс істемеуіне және тіпті өлімге де әкеледі.

Науқас дұрыс тандалған антибиотикалық терапиядан кейін хирургиялық емдеуді қажет етті. Нұржан Жидебайұлы қолқа және митральді қақпақшаларды механикалық протездермен ауыстырып, операция сәтті өтті. Бұл ота жүректің тоқтауымен және жүрек-өкпе аппаратына қосылуымен жүзеге асырылады. Жүрек қақпақшаларының жағдайы адам шошырлықтай күйде еді. Жүрек қақпақшаларындағы тесіктерді тесетін үлкен вегетациялар болатын. Күрделі операция шамамен 3 сағатқа созылды.

Операциядан кейін бірнеше сағат ішінде науқас жансақтау бөлімінде дәрігерлердің бақылауында болды, содан кейін ол кардиохирургия бөліміне ауыстырылды. 6 күннен кейін науқас одан әрі қалпына келтіру процесі үшін кардиохирургия бөлімінен кардиосауықтыру бөліміне шығарылды. Қазіргі уақытта оның өміріне ештеңе қауіп төндіріп тұрған жоқ дейді мамандар.

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК



«ҚАБЫНҒАН ШЕМЕН»

диагнозы қойылған пациентке күрделі ота жасалды

№7 Алматы қалалық клиникалық ауруханасының 64 жастағы пациенті кейінгі бірнеше жылда эпигастрия, тамақты сіңіру процесінің бұзылуы, жиі жүрек айну, құсу, іш қату, салмақ жоғалту ауруларынан зардап шеккен. Науқастың жағдайы «қабынған шемен» – кіндігі сыртқа шығып тұрған үлкен көлемді іш. Ер адамға тіпті жату қиын болған. Себебі, жатқан кезде жүрек-өкпе жетіспеушілігі үдей түседі.

Оған №7 қалалық аурухана мамандары «ұйқы безінің жалған жылауығы» диагнозын қойды. Сөйтіп, МӘМС шеңберінде «Емдеуге жатқызу бюросы» порталы бойынша жоспарлы операциялық емдеуге жіберілді.

Ұйқы безінің жалған жылауығы – бұл сұйықтықтың шектеулі жиналуы, онда панкреатикалық ферменттердің, қанның едәуір көп мөлшері бар, сондай-ақ некроздық (өлген) тіңдер болуы мүмкін. Ұйқы безінің жалған жылауығының пайда болу себебі – өткерілген панкреатит немесе панкреонекроз, ол өт-тас ауруы, асқазан-ішек жолдарының ойық жара ауруы, алкогольді қабылдау, дұрыс тамақтанбау, іш жаракаты аясында дамиды. Ұйқы безінің жалған жылауығының белгілері оның көлемі ұлғайған кезде асқынады.

Пациентке ота жасаған көп жылдық тәжірибесі бар хирург Манас Рамазанов бұндай науқастарға отаға тыңғылықты дайындықты қажет ететінін атап өтті. Өйткені, олар тамақтанудың бұзы-

луына және тағамның қорытылуына байланысты ақуыздық энергия жетіспеушілігін дамытады.

«Алдын ала дайындықтан кейін пациент отаға алынды. Күрделі 4 сағаттық операция жасалды. Біз жылауық қуысын асқазанға жалғадық. Ұйқы безінің жалған жылауығының кезінде жылауықты дәстүрлі алып тастаумен жоюға болмайды, өйткені жылауық ұйқы безімен қосылған және үнемі ферменттер бөледі. Бұл жағдайда біз жылауықты асқазанның артқы қабырғасымен байланыстырдық, осылайша жылауықта сұйықтық жиналмай асқазан-ішек жолына түсуіне мүмкіндік бердік. Сонымен қатар, ұйқы безінің жалған жылауығына байланысты науқаста операция кезінде қосымша қиындықтар тудыратын қабынған шемен бар. Барлық техникалық қиындықтарға және өзіндік ерекшелігіне қарамастан, ота жоспар бойынша тиісті деңгейде орындалды», – дейді профессор М.Рамазанов.

БӘРЕКЕЛДІ!

ЕКІ ЖАСАР БАЛА дін аман

Қаладағы №2 балалар клиникалық ауруханасына улану симптомдары бар екі жасар бала жеткізілді. Бұрын балдырғанға қызылша диагнозы қойылған екен.

«Диагностикалық лапароскопия кезінде іш қуысында үлкен мөлшерде өт табылды. Холцистит. Өт перитониті. Өт жолының перфорациясы шамамен, 0,5 см. Бұл перфорацияның пайда болуының нақты себептері белгісіз болды. Көп жағдайда ішкі ағзалардың перфорациясы оларда тастардың немесе паразиттердің болуына байланысты болады. Желшешекпен ауырғанда ішектің перфорациясы болған жағдайлар орын алған, бірақ ол жағдайда ішекте де, сыртқы теріде де бөртпелер болатын. Мұнда іш қуысында бөртпелер болған жоқ. Ешқандай себепсіз туындаған перфорация және өт жолының перфорациясы деген хирург ретінде көп жылдық тәжірибемде бірінші рет болып тұр. Қолда бар медициналық әдеби мәліметтерге сәйкес мұндай ақпаратты ешкім бермеген.

Бұл өте сирек кездесетін патология», – дейді хирургия бөлімінің меңгерушісі Марат Қаптағасев.

Сәбидің өмірін сақтап қалу үшін тәжірибелі хирургтар өт қабын лапароскопиялық жолмен алып тастады. Бұл дұрыс тандау, басқа нұсқа болмады. Тесікті (перфорацияны) тігу мүмкін емес, стенозға және басқа асқынуларға әкеледі. Дәрігер отанын күрделі, техникалық қиындықтармен өткенін атап өтті. Себебі, ота үстелінде шынашақтай баланың жатқанын ескерсек, ота өрісі де тым кішкентай болған. Жалпы, өт жолы мен қаптық өт жолы арасындағы қашықтық өте аз, әрең байланған. Ота екі сағатқа созылды. Кішкентай пациент операциядан кейін 10-шы күні үйіне жіберілді.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.



ТЕННИС



(Сурет ktf.kz сайтынан алынды).

ӘЛЕМДІК ТУРНИР
АЛМАТЫДА ӨТЕДІ

Алматыда алғаш рет әлемдік деңгейдегі теннистен турнир өтеді. Бұл туралы Қазақстан Теннис федерациясының баспасөз қызметі хабарлады.

Кәсіби теннисшілер қауымдастығы (АТР) Астанадан Алматыға бірінші АТР 250 турнирін ауыстыруды бекітті. АТР сайтында жарияланған күнтізбеге сәйкес Almaty Open 2024 жылғы 13–20 қазан аралығында өтеді.

«Алматы АТР 250 сериясымен өтетін турнирді қабылдау құқығына заңды түрде ие болып отыр, өйткені өткен ғасырдың 20-жылдары осы қалада Қазақстан теннисі дами бастады. Almaty Open тек ауқымды спорттық іс-шара болып қана қоймай, сонымен қатар турнир өтетін Almaty Arena аумағында мерекелік көңіл күй орнатып, ерекше күш-қуат сыйлауға жәрдемдеседі», – деп атап өтті Қазақстан теннис федерациясының президенті Болат Өтемұратов.

АТР 250 жарысы – шынында да әлемнің 30 елінде өтетін ауқымды спорт оқиғаларының бірі. Аталмыш санатқа 40 турнир кіреді, онда жеңгендер АТР рейтингінде 250 ұпайға ие болады. Алдағы Almaty Open АТР турнирінің жүлде қоры 1 млн АҚШ долларынан асады.

Бірінші жыл сайынғы АТР 250 турнирі Астанада 2020 жылы өткізілді. 2022 жылы турнир деңгейі бір рет АТР 500-ге көтерілді. Онда қатысушылар кілең жұлдыздар еді: Новак Джокович, Стефанос Циципас, Даниил Медведев, Карлос Алькарас, Хуберт Хуркач, Андрей Рублев және басқалар. Қазақстандық жарыс жыл сайын 110-нан астам ел аумағында көрсетіледі.

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ

АЛТЫН ЖҮЛДЕ
ҚАРАҒАНДЫЛЫҚТАРҒА
БҰЙЫРДЫ

Алматының «ADD» үстел теннисі орталығында Қазақстан чемпионаты өтті.



Ішкі дәстүр бойынша Қазақстан біріншілігі алдымен командалық есептегі үздіктерді анықтаумен басталды. Жарыстың бірінші күні кіші топтардағы ойындардан кейін үздік 8 команда анықталса, одан кейінгі күндері негізгі жүлдегерлер белгілі болды.

Ерлер арасында 3-орынға Шығыс Қазақстан облысы жайғасты. Ал қыздар арасында қола жүлдені Батыс Қазақстан командасы жеңді. Ерлер мен әйелдер арасындағы командалық жарыс финалының екеуінде де Қарағанды спортшылары алматылық қарсыластарынан басым түсті.

Айта кеткен жөн, ішкі біріншілік нәтижелері бойынша еліміздің ұлттық құрамасы құрылады. Ұлттық құрамаға кірген спортшылар Оңтүстік Кореяның Пусан қаласында 16–25 ақпан аралығында өтетін әлем чемпионатында өнер көрсетеді.

ДҮБІРЛІ ДОДА

«ҰЛЫ ДАЛА ДҮБІРІ»

Елімізде 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтеді

Түркияның Стамбул қаласында еліміздің Туризм және спорт вице-министрі Серік Жарасбаев пен 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын өткізу жөніндегі Дирекция жетекшісі Наиль Нұров Дүниежүзілік этноспорт конфедерациясының президенті Біләл Ердоғанмен кездесіп, ұйымдастыру жұмыстарына қатысты мәселелерді талқылады.

Туризм және спорт вице-министрі Серік Жарасбаев көшпенділер ойындарына дайындық жұмыстары мен ақпараттық-насихат шараларының қызу жүріп жатқанын хабардар етті.

Дирекция жетекшісі Наиль Нұров 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының маңызын ескере отырып, ашылу және жабылу салтанаты мен сайыс барысын әлемнің жетекші телеарналары арқылы тарату мәселесін де ортаға салды.

Біләл Ердоған тараптар арасындағы әріптестік қатынастың артқанын айта келе, көшпенділер ойындарын ұйымдастыру



Қазақстанның этноспорт қозғалысын әлемдік деңгейде насихаттаудағы ұтқыр жобалардың бірі екеніне айрықша мән берді.

Жиында Қазақстан делегациясының 16–18 ақпан аралығында өтетін Дүниежүзілік этноспорт конфедерациясының Конгресіне қатысатыны да нақтыланды. Стамбулдағы Дүниежүзілік этноспорт конфедерациясының кеңсесінде өткен кездесуге Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің

Бас хатшысы Бағдат Әміреев пен Қазақстан Республикасының Бас консулдығының өкілдері де қатысты.

2024 жылдың 8–14 қыркүйек аралығында Астанада өтетін 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының ұраны – «ҰЛЫ ДАЛА ДҮБІРІ». Ойындарға 100-ден астам мемлекеттен 4000-ға жуық спортшы қатысады деген мәлімет бар.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЖАСӨСПІРІМДЕР ОЛИМПИАДАСЫ

ЕРАСЫЛ МЕН КРИСТИНАҒА
ТУ ТАПСЫРЫЛДЫ

Оңтүстік Кореяның Канвондо қаласында өтетін IV қысқы жасөспірімдер Олимпиадасында Қазақстан құрамасын бастап, ту алып шығатын спортшылар белгілі болды.

«Ұлттар шеруі» кезінде Қазақстан туын конькимен жүгіруден Петропавлдан ұлттық құраманың мүшесі Кристина Шумекова мен оралдық шорт-трекші Ерасыл Шыңғысхан алып шығады.

Он сегіз жастағы Кристина Шумекова – конькимен жүгіруден Қазақстан Республикасының спорт шебері, өз жас санатындағы Қазақстан Республикасының чемпионы, 2023 жылғы Италияда өткен Әлем Кубогі кезеңінің күміс жүлдегері. Он жеті жастағы Ерасыл Шыңғысхан – шорт-тректен спорт шеберіне кандидат, өз жас категориясы бойынша Қазақстан Республикасының чемпионы, сонымен қатар 2023 жылғы «Азия балалары» халықаралық жарысының күміс жүлдегері.

«Бұл мен үшін керемет қобалжытын сәт.



Қысқы Олимпиада ойындарында Қазақстан атынан өнер көрсету – абырой ғана емес, үлкен жауапкершілік. Мен мұз айдынында бар күшімді саламын деп уәде беремін.

Әрқайсымыз Олимпиада жүлдесін алуды армандаймыз және бұл ойындар – осы мақсатқа жетуге мүмкіндік», – деп бөлісті Кристина Шумекова.

БІЗДІҢ МАҚТАНЫШТАРЫМЫЗ

АЛМАТЫЛЫҚТАР ЛИЦЕНЗИЯ АЛДЫ

Алматылық спортшылар 2024 жылғы қысқы жасөспірімдер Олимпиадасына 4 лицензия жеңіп алды.

№3 біріктірілген балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің оқушылары – Софья Шишкина, Илья Шильников, Илья Мизерных және Ростислав Хохлов Оңтүстік Кореяда өтетін жасөспірімдер арасындағы IV қысқы Олимпиада ойындарына қатысу лицензиясының иегерлері атанды.



(Сурет ашық дереккөзден алынды).

Жасөспірімдер арасындағы IV Қысқы Олимпиада ойындары 2024 жылдың 19 қаңтары мен 1 ақпаны аралығында Канвон қаласында өтеді.

Ростислав Хохлов тау шаңғысы спортынан, ал қалған екі спортшы тұғырдан шаңғымен секіруден лицензия жеңіп алды. Бұл жарыстарға 70 елден 1800 спортшы қатысады. Жеті спорт түрінен (15 пән) 81 медаль жиынтығы ойнатылады.

Спортшыларға алдағы ойындарда сәттілік тілейміз.

Бетті әзірлеген Досбол АТАЖАН.



ХРОНОМЕТРИЯ

БІРЫҢҒАЙ УАҚЫТ БЕЛДЕУІ

сағат тілін артқа жылжытқаннан не ұтамыз?

Табиғатпен тел өскен, аспан әлеміндегі шоқжұлдыздармен тілдескен біздің қазақ қай заманда да уақыттың қадірін білген. Темірқазығын айнымас бағыт тұтқан бабаларымыздың уақытты алтынға балағаны да сол. «Қайран, уақыт!..» деп қам жейтін қазақ сағатынды «сүттісірім», «етқайнатым» деген мөлшермен белгілегені де белгілі. Жұықта еліміз аумағында сағаттық өлшем белгіленбек. Ел-жұрт құлағдар етілсе де, көкейлерде «Бұл қалай болады екен?..» деген күмән мен күдік те жоқ емес. Әлбетте, мұның өзі отандастарымыздың өмір сүру қажеттілігінен туындап отырғаны анық.

Мәселенің мәнісі

Қай заманда да, тіпті, атомдық сағатқа ие бүгінгі шақта да, жержаһанның әрбір елдімекенінде уақыт өлшемі – талтүс кезі (сағат 12.00). Демек, бұл өлшем Күннің ең биікке көтерілген кезімен өлшенеді. Дегенмен, көз іспесес жылдамдықпен жүйіктің көліктер көбейгеннен бері әр елдімекенге барған сайын сағат ауыстыру қажет болатын. Сонымен, 1881 жылы Вашингтондағы Меридиан конференциясында Жер шары әрқайсысы 15° 24 сағаттық белдеуге бөлінді. Оның 0-дік меридианы Лондондағы Гринвич обсерваториясында белгіленіп, Халықаралық сағаттық белдеулер жүйесі (GMT, UTC) қабылданды.

ҚР Сауда және интеграция министрлігі жанындағы Уақыт өлшемі тәртібін реттеу мәселелері бойынша ведомстваралық топ мүшесі, «International Alliance for NaturalTime»-ның (IANT 2020 ж.) Қазақстандағы өкілі Болат Нұрхожаев Уақыт өлшеміне параллель ескерілмей, меридианмен есептелетінін айтады. Оның айтуынша, әр елдімекеннің географиялық жергілікті уақыт өлшемі білу үшін меридиан бойынша координаты 15-ке бөлініп анықталады. Дегенмен, бұл жүйе де идеалды нұсқа (вариант) емес. Әлбетте, әр елдімекеннің өз табиғи жергілікті уақытымен өмір сүргені қолайлы. Бірақ желден жүйрік көліктер көбейген кезде осындай жүйе қолдануға мәжбүрміз.

Ал Шығыс Қазақстан облысының шығыс жағы ғана UTC+6 сағаттық белдеуінің батысында орналасқан. Республикамыздағы уақыт өлшемі реттеуге жауапты Сауда және интег-



рация министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің уақыт өлшемі заңмен реттейтін «ҚР аумағында уақыт есебін реттеу туралы» ҚР Үкіметінің 2000 жылғы 23 қарашадағы №1749 қаулысы. Уақыт өлшеміне қателесу көбіне-көп әр елдерде әртүрлі қолданатын «табиғи уақыт», «жергілікті, Күн уақыты» (бұның бәрі local time, LT), «белдеулік уақыт», «стандарттық уақыт», «қысқы уақыт» (бұның бәрі standart time, ST), «жазғы уақыт» (DST), «декреттік уақыт», «үнемі жазғы уақыт» (permDST), Үкімет бекіткен «әкімшілік уақыт» деген терминдерден шатаасудан болатыны рас.

Сағаттық белдеулер шекарасы Қызылорда мен Түркістан облысы аумағына қайтарылды. Соның негізінде Қызылорда облысы 2018 жылдың

20-сынан 21-ші желтоқсанға қараған түні сағат тілін 1 сағат кері жылжытып, UTC+5 әкімшілік сағаттық белдеуі аумағына оралды. Қостанай облысы да осы қаулымен UTC+5 сағаттық белдеуіне көшуі керек еді, алайда, облыс әкімдігі одан бас тартты. Облыс халқы бұл мәселені бүгінге дейін көтеріп келеді. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасында Қостанай, БҚО, Атырау және Маңғыстау облыстарында жергілікті уақыттан 2 сағат озықтық, Түркістан, СҚО, Ақмола, Ұлытау, Жамбыл, Қарағанды облыстарында 1 сағат 30 минут озықтық, ал басқа барлық облыстарда 1 сағат озықтық орын алып отыр.

Ғылыми негізге сүйенсек...

Соңғы жылдары әлемде биологиялық (циркадтық) ырғақ (ритм) бұзылуынан ұйқы бұзылып, сергектік тәртібі сетініп, салдарынан аса қауіпті рақ, диабет, семіздік, жүрек-қан тамырлары жүйесі, т.б. аурулар белең алуда. Физикалық, психикалық денсаулыққа кері әсер, еңбекке қабілеттілік азайып, өмір сүру ұзақтығы кеміді. Жалпы, адамның тұрмыс-тіршілігіне ғана емес, қоғамдық ахуалға да кері әсері бары ғылыми зерттеу нәтижесімен дәлелденуде. Осыған байланысты хронобиология ғылымында, медицина саласында «әлеуметтік сағаттық белдеулер ауысуы синдромы» деген термин пайда болды. Циркадтық ырғақ тегігін ашқаны үшін 2017 жылы АҚШ-тың үш ғалымы Джеффри Холл, Майкл Розбаш пен Майкл Янг медицина мен физиология саласында Нобель сыйлығының иегері болуына байланысты бұл саладағы зерттеу тіптен көбейді десек болар.

«2020 жылғы 10 қазанда АҚШ, Германия, Франция, Ресей, Испания, Португалия, Нидерланды, Бельгия, Канада, Австралия, Швеция және Қазақстан өкілдері біріккен Халықаралық табиғи уақыт қолдаушылар альянсы (International Alliance for Natural Time) құрылды. 24.11.2022 жылы Испанияның Барселона қаласында уақыт өлшеміне байланысты ғылыми конференция өтіп, онда «Барселона декларациясы» қабылданды. Декларацияны әзірлеуге әлемнің ең дамыған мемлекеттерінің хронобиология, кардиология, онкология, эндокринология, сомнология, педиатрия, геронтология, ұйқы медицинасы, биологиялық ритмдерді зерттеуші жетекші ғалымдар, медициналық қауымдастықтар қатысты», – деген маман сөзіне құлақ түрдік.

Төрткүл дүниенің тәжірибесі

Әлем елдері уақыт өлшемінің бірнеше түрін қолданатынына көз жетеді. Мәселен, Жапония мен Корея стандарттық уақыттан сағат тілін қозғамайтын, жазғы уақытта тек жұмыс пен оқу уақытын 1 сағат ерте бастап реттейтін елдер қатарында. Экваторға жақын мемлекеттерде қысы-жазы Күн мен Түн тең болғасын сағатын мүлдем қозғамайды.

1 сағаттық белдеудің Шығыс аумағында өмір сүріп жатқан халық таң атуымен оянса, сонымен бірдей жұмыс, оқу уақыттағы батыстағы жұрт биоритм (биоритм) 1 сағат бұрын оянғасын, ұйқы жетіспеушілігі болатыны дәлелденген. Яки ғалымдар

табиғи уақыттан 30 минуттан аса ауытқудың өзін шектен тыс санауда. Ал ҚР барлық аумағында жергілікті уақыттан озықтық 1 сағаттан 2 сағатқа дейін.

Қазіргі ғылым мен техника дамыған заманда басқа да себептерге байланысты, соның ішінде әлеуметтік сағат ауысып кетуіне байланысты, ұйқы жетіспеушілігі көп сырқаттың асқынуына сеп болып отыр. 2017 жылы әлемде ұйқы жетіспеушілігі эпидемиясы жайлағаны жайында «Біз неге ұйықтаймыз?» ғылыми кітабында невролог М.Уолкер жазды. Мұны қуаттайтын ғылыми зерттеулер дәлелі күннен-күнге көбеюде.

Энергия үнемдеу ғылыми дәлелденбеген

Маман сөзінің жаны бар, қайсыбір елде де «жазғы» уақыт қолданудан энергия үнемделетіні ғылыми дәлелденбеген, Энергетика министрлігі де ешқандай энергия үнемі жоғын ресми растады. Сондықтан еліміздің аумақтарында уақыт өлшемін түбегейлі реттеу міндеті тұр. Бізде әлем елдерінің уақыт өлшемінің барлық тәжірибесін (практика) біріктіре келе, ең тиімді деген уақыт өлшемін енгізуге мүмкіндік бар. Бұған еліміздің астанасының географиялық ортаңғы сағаттық белдеуде орналасуы да мол мүмкіндік берері анық.

Әлбетте, әлеуметтік уақыт өлшемін озық қолданудың адам денсаулығына кері әсер ететіні бүгінгі күні ғылыми түрде толық дәлелденген. Олай болса, денсаулық мәселесі тек ғылыми зерттеулер нәтижесіне сүйеніп шешіледі. Демек, бұл отандастарымыз үшін өте өзекті мәселе сауалнама, халықтық дауыс беруімен шешілмейді. Оның үстіне, қазір қарапайым халық түгілі, мамандардың өзі қолданыстағы әкімшілік уақыт пен географиялық уақыт өлшемін шатастыруда.

Пайдасы мол қажеттілік

Шынында да, уақытты реттеу шешімінің қиындығы жоқ, бұл – бір реттік қана шара. Ешбір кері әсері жоқ, оған практикалық мысал да жеткілікті. Бұл мәселе қаржылық шығынды қажет етпейді. Уақытты реттеу ғылыми дәлелденген, пайдасы мол қажеттілік. Әсіресе, бұл шешімнің болашағымыздың, ұлт, ұрпақ денсаулығының қорғалуына, олардың еңбекке қабілетін артыруға мол себі тимек.

Сонымен, қазіргі уақытта сабаққа баратын балаларымыз қыста тым ерте оянып, кешке де қараңғы мезгілге қалып отырған жайы бар. Қараңғыда қайту балалардың қауіпсіздігіне қатысты болса, сабағын 8.00-де бастайтын балалар таңертең одан 1 сағат бұрын, таңғы ми, ойлау, білім сіңіру, мидың дұрыс қызметіне маңызды ұйқының REM-фазасын бұзып, психикалық зорлық көріп оянуға мәжбүр. Ал бұл фаза бала организміне, психикалық тұрақтылық, интеллект, сауаттылығы мен дұрыс мінез-құлық қалыптасуына да маңызды фаза.

Мұндайда қыста екі ауысымдық оқитындарға оқушылардың қараңғыға қалмау қауіпсіздігін сабақ кестесін реттеп жасауға болады. Біз сағат тілін жылжытқанмен, Күн уақытын соза да, қысқарта да алмаймыз, ол бізге бағынбайды.

Сондықтан қалай болғанда да, екі қауіптің ең зиянсызын таңдауға мәжбүрміз. Еліміздің аумағында уақыт өлшемін түбегейлі реттеудің басқа нұсқасы жоқ. Сондықтан ҚР аумағында уақыт өлшемі түбегейлі реттелуі ғалымдар пікіріне жүгініп, саяси шешіммен қабылдануы тиіс.

Әзірлеген
Айнабай МӘДІ.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).
Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСҚАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және
тарату бөлімі
alatau.aqparat@gmail.com
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамына:
+7 747 617 17 37 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
rekalatau.aqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, жұма
күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 412

Кезекші редактор –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VРУ00026040
күзегі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы қаласы,
Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Болат НҰРХОЖАЕВ,

ҚР Сауда және интеграция министрлігі жанындағы Уақыт өлшемі тәртібін реттеу мәселелері бойынша ведомстваралық топ мүшесі, «International Alliance for NaturalTime»-ның (IANT 2020 ж.) Қазақстандағы өкілі:

Үш нұсқа қарастырылуда

1-НҰСҚА. 1930 жылдан қолданыста келе жатқан Сталиннің декреттік озық уақытынан бас тартып елімізде UTC+4 және UTC +5 уақыт өлшемін қолдану. Бұл нұсқаға барлық облыс сағат тілін қысқа қарай 1 сағат, Қостанай облысы 2 сағат артқа жылжытуы тиіс. Елімізді басқаруда, батыс пен шығыс облыстар арасында қазіргідей 1 сағат айырмашылық, пойыз, ұшақ, банк басқа да салаларда қолайсыздық болмайды.

2-НҰСҚА. Нұсқа бірыңғай Астана UTC+5 уақытын қолдану. UTC+5 бірегей уақытын енгізу үшін барлық +6 сағаттық белдеуіндегі шығыс облыстар сағат тілін 1 сағат артқа жылжытады. Бірақ бұл кезде БҚО, Атырау, Маңғыстау облыстары 2 сағаттық озықтықпен, Ақтөбе, Қызылорда, Қостанай облыстары 1 сағат озықтықпен қалып кетеді.

3-НҰСҚА. Бірыңғай Астана UTC+4,5 уақытын қолдану. UTC+4,5 Астана бірегей уақыт өлшемін енгізу үшін батыстағы барлық +5 сағаттық белдеуімен қазір өмір сүріп жатқан облыстар сағат тілін 30 минут, барлық +6 сағаттық белдеуіндегі шығыс облыстар сағат тілін 1,5 сағат артқа жылжытады, солай еліміздің барлығында бір уақыт өлшемі болады.

«Lemon Land Lombard» ЖШС 2024 жылғы 4 наурыз, сағат 9.00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 А, 1-көнесе, өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар). Лоттар саны – 513 дана.

Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.

Өтінімдерді «Lemon Land Lombard» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Төле би к-сі, 251, А 1-офис немесе **land@lmm.kz электрондық поштасы** бойынша 2024 жылдың 9 ақпаны, сағат 18.00-ге дейін.

Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық. Бағаны өзгерту қадамы – 2%. Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 100 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2024 жылғы 4 наурыз, сағат 9.00-де Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 181, 17 п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар). Лоттар саны – 1019 дана.

Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.

Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ.; Әуезов көшесі, 181, 17-п. немесе **lemon@lmm.kz электрондық поштасы** бойынша 2024 жылдың 9 ақпаны, сағат 18.00-ге дейін.

Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық. Бағаны өзгерту қадамы – 2%. Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 117 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

«ALATAU AQPARAT» ЖШС ұжымы медиахолдинг редакцияларының меңгерушісі Сағит Қайыржанұлы Бекбаевқа бауыры
Қалит ҚАЙЫРЖАНҰЛЫНЫҢ
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«MedRemZavod Group» компаниялар тобының ұжымы «ALATAU AQPARAT» ЖШС редакцияларының меңгерушісі Сағит Қайыржанұлы Бекбаевқа бауыры

Қалит Қайыржанұлы БЕКБАЕВТЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, қайғыра көңіл айтады.



БӘРЕКЕЛДІ!

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



Алматыда «Қазақ әдебиеті» газетінің 90 жылдығына арналған салтанатты іс-шара өтті. Оған ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева қатысып, лебізін білдіріп, Мемлекет басшысының құттықтауын жеткізді.

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНЕ» – 90 ЖЫЛ

Мерейтойда біздің әріптестің де мерейі үстем болды

Досбол
АТАЖАН

«Ғасырға жуық уақыт ішінде газет қалың оқырманы бар беделді басылым ретінде қалыптасып, төл тарихымыздың жаршысына айналды. Алғашқы сандары «Қазақ әдебиеті» ұлт мәдениетін көтеруде үлкен орын алсын!» деген ұран сөзбен жарық көрген апталық әрдайым осы үдеден шыға білді. Басылым ұлттық құндылықтарды, қазақ қаламгерлерінің туындыларын кеңінен дәріптеп, руханиятымыздың өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып келеді», делінген Президенттің құттықтау хатында.

Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева газет редакциясында жылдар бойы аянбай еңбек еткен мамандарды марапаттады. Атап айтқанда, «Қазақ әдебиеті» газетінде 24 жыл адал қызмет атқарып, бүгінгі күні «Алматы ақшамында» жұмыс істейтін әріптесіміз Кенже Нүсіповаға министрлік атынан «Алғыс хат» берілді. Сондай-ақ, министр басылымға еңбегі сіңген Исраил Сапарбай, Еркін Жаппас, Гүлжамал Теміреева сынды өзге де майталмандарға «Еңбек ардагері» медалін табыс етті. «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісімен «Қазақ әдебиеті» газетінің тілшісі Мөлдір Райымбек марапатталды.

МӘДЕНИЕТ

Музей балдырғандарға ұнады



Сурет: ҚР Мемлекеттік орталық музейі).

Музей де – үлкен тәрбие құралы. Сондықтан жас ұрпақты руханият ордасынан жиі көріп жатсақ, қуанамыз әрине. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық музейін тамашалауға «D'kids» балалар орталығынан 3–7 жас аралығындағы балақайлар келді.

Жақсыны білмекке, көркекке асыққан балдырғандарды музей қызметкерлері құшақ жая қарсы алды. Балалар еңселі ғимараттағы экскурсияны «Алтын адаммен», қазақ үймен, ұлттық музыкалық аспаптармен және қолөнер бұйымдарымен танысудан бастады.

не баурап алғандай, себебі олар суреттерін асқан ынтамен салды. Өмірге, жақсылыққа құштар сүйкімді бүлдіршіндер енді музейге ата-анамызбен келеміз деп уәде етті.

Нұр ЖАМАЛ.

КӨРМЕ

«ҰЛЫ ДАЛА АҢЫЗДАРЫ»

картиналар арқылы сыр айтады

Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде суретші Мәжит Байтеновтің 75 жылдығына орай «Ұлы дала аңыздары» атты көрме ашылды. Онда суретшінің 75 кескіндемелік туындысы ұсынылды. Олар қылқалам шеберінің Тәуелсіздік жылдарынан кейінгі, басым бөлігі кейінгі бес жылдықтағы шығармашылығының бір парасы.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Тақырыбы айтып тұрғандай, картиналарда ұлы даланың аңыздары, ұлттық ерекшеліктеріміз бен дәстүрлі дүниетанымымыз автордың көзқарасы арқылы суреттелген. Суретшінің авторлық қолтаңбасына түстік түзілімінің



және 2019 жылы «Ұлы дала сыры» атты жеке шығармашылық көрмесін өткізген болатын.

– Мәжит Байтенов – еліміздің аға буын суретшілері арасында қазақ өнеріне өнегелі үлес қосып жүрген, дамылсыз еңбек етуден жалықпайтын нағыз ізденісшіл қылқалам шебері. Оның көрмеге қойылған «Күлтегін», «Азиямен

Олардың негізгі қызметі адамдарға, қоғамға төніп тұрған қауіп-қатер, бәле-жаланың алдын алу болған. Суретші сол заманның келбетін көз алдыңызға әкеледі.

«Дала аруында» ошағын маздата жағып, айналасына жылу, шуақ шашып отырған бойжеткеннің бейнесі сәтті берілген. Үй іші ашық түстерге толы, сондықтан болар, сурет те болса үй иесінің энергетикасы сезілетіндей. Біздің қазақ ежелден қонақжайлық дәстүрін қатты құрметтеген. Картинадағы кейіпкердің де есігі меймандарға әрдайым ашық екенін байқауға болады.

«Қымыз» картинасында қазақ әйелі көшпелі ғұмыр кешкен халықтың дәстүрлі тағамы – қымыз дайындап жатыр. Биенің сүтінен дайындалатын бұл сусынды Геродот көшпенді тайпалардың ең сүйікті және ең шипалы сусыны деп бағаласа, белгілі саяхатшы Марко Поло қымызды ақ шараптың дәміне теңеген.

«Керуен» туындысында түйе-



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

қанықтығы, жазықтықтың нұсқалық түрленуі, фактуралық үйлесім, стилизация және пішіндердің трансформациялануы тән. Шебердің «түрленуден қорықпаймын» деген қанатты сөзі жаңа эксперименттерге дайындығын және ішкі көпқырлы ұмтылысын көрсетсе керек.

Мәжит Байтенов суретші-график, кескіндемеші, өнертану доценті, С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ профессоры, ҚР Көркемсурет академиясының академигі, ҚР Суретшілер одағының және Халықаралық Еуразия дизайнерлер одағының мүшесі. Алматы қаласындағы Н.Гоголь атындағы көркемсурет училищесін (қазір О.Таңсықбаев атындағы Алматы сәндік-қолданбалы өнер колледжі) бітірген ол шығармашылық ғұмырының біраз жылын Қарағанды қаласында өткізген. 1965–1969 жылдар аралығында В.Лебедев, А.Бортников және Б.Тәбиев сынды озат суретшілерден дәріс алған. 1976 жылдан КСРО Суретшілер одағының мүшесі. 1972 жылдан көптеген халықаралық, республикалық көрмелердің қатысушысы, 2005 жылы Қастеев музейінде «Балбалтас»

қауышу», «Жағажайдағы демалыс», «Сәукеле», «Қобызшы» және тағы басқа туындыларынан кескіндемелік сызықтар мен таңбалық сызықтар арқылы түрлі бояулы жағындылармен ізденген кескіндемелік қолтаңбаны байқайсыздар. Мысалы, «Азиямен қауышу» туындысында таңбалық жағындылар арқылы тақырыптық сұлбаларды енгізген. Бір қарағанда түсініксіз болып көрінетін туындылары суретшінің қалыптасқан кубизмдік стилінің таңбалық-сызықтық әдіске трансформацияланғанын байқауға болады, – дейді көрме жетекшісі Ақжігіт Нүсіп.

«Серуен» картинасы ауыл тұрғындарының күнделікті тұрмысын суреттейді. Көз алдымызда әйел мен бұқа бейнеленген, ал арғы планда үйлер, басқа да адамдардың сұлбасы. Бұл жерде бұқа табандылық пен шыдамдылық символикасын білдіреді.

«Бақсы» туындысы да ерекше шыққан. Ертеде қазақ өмірінде бақсылар үлкен рөл атқарған.

лерді көреміз. Түйелер – Жібек жолы арқылы өткен ежелгі өзара сауда қарым-қатынасын дамытуда елеулі үлес қосқан киелі жануар. Олар алыс жолға, қиындыққа, шөлге төзімді келеді. Сондықтан да саудагерлер мен саяхатшылардың ең сенімді серігі түйелер болған. Әрі оларды Жібек жолын жарып өткен кемелер деп тегін әспеттемеген. Суретші де сол заманның тынысын осы түйелер арқылы көрсеткен.

ТҮЙІН:

Мәжит Байтенов ескі мен жаңаның арасындағы көпір секілді дейді көрменің ашылуында сөз сөйлеген әріптестері. Суретші қалыптасқан қолтаңбасы арқылы ұлы даладағы аңыздарды, философиялық ойларды және рухани үдерістерді кенеп бетіне түсіруден жалыққан емес. Ұлттық нақыштағы терең философиялық және шығармашылық ізденіске толы әлемі, кенеп бетіне бедерленген жарқын бояулар мен түркі әлемінің таңбалары көрмеден осылайша орын тапты.

Көрмені ақпанның 11-іне дейін тамашалай аласыздар.